



ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСЫ НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

7-БЕТ | ҚҰҚЫҚ



ЖЕКЕМЕНШІК ЖОО БЕДЕЛІ ҚАНДАЙ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Судың да сұрауы бар». Оны неғұрлым көп тұтынсаң, соғұрлым көп ақша төлейсің. Бұл – жұртты үнемшіл болуға үйрететін әділетті және қарапайым ұстаным. Да-мыған елдердің тұрғындары әр нәрсенің қадірін біледі. Үнемшілдік олардың өмір салтына айналған. Тіпті су мен жылуды ысырап етпеуді балаларға жастайынан үйретеді. Біздің азаматтарымыз да осындай үнемшіл болуы керек. Әсіресе, суды үнемдеп тұтынуымыз керек. Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады.

№67

(4500)

Бейсенбі
8 маусым
2023 жыл



ASTANA

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



Жаз мезгілінде қалалықтардың бос уақыты көп. Әсіресе асыр салып, аулаға сыймайтын ойын балалары суға шомылуға әуес. Көпшілік жаздың ыстық күндерінде өзен мен көлдерді жағалайтыны белгілі. Жыл сайын 1 маусым қалада шомылу маусымы ашылады. Ал шомылу маусымында елордалықтар мен қала қонақтары қай жерлерге суға түсіп, демалады? Астана маңындағы қай өзен-көлдер қауіпсіз? Қандай жағажайлар қарастырылған?

БАЛАЛАР ҚАЙДА ШОМЫЛАДЫ?



8-9 маусым күндері елордадағы Конгресс-орталықта (EXPO) «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, даму және прогресс жолында» деген тақырыппен Астана халықаралық форумы өтеді.

АСТАНА – ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Басқосуға құрамында мемлекет және үкімет басшылары, жетекші әлемдік сарапшылар мен халықаралық ұйымдардың басшылары бар 1 мыңға жуық делегат қатысады.

Жиында сыртқы саясат пен халықаралық қауіпсіздік, энергетика және климаттың өзгеруі, жаһандық сын-қатерлердің алдын алу, экономика және қаржы сияқты өзекті мәселелер талқыланады. Делегаттар 40-тан астам

панельдік сессияларға, бейресми пікірталастарға, конференцияларға қатысады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 маусым күні Астана халықаралық форумының пленарлық отырысында сөз сөйлейді. Басқосудың стратегиялық серіктестері – БҰҰ және CNN.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев форум аясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізеді.

ОБЪЕКТИВТЕ – ЕЛОРДА

Елорданың 25 жылдығына орай Астана туралы үздік фотосуреттерге байқау жарияланды.

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі ұйымдастыратын байқауға барлық қазақстандық фотографтар қатыса алады.

Конкурсқа елорданың айшықты өмірін, сәулетті көрінісін бейнелейтін өлшемі 300 dpi-дан кем емес JPEG форматындағы фотосуреттер қабылданады.

Байқау нәтижесінде ең үздік деп танылған жұмыстар топтастырылған «Астана» атты фотоальбом жарық көреді.

Өтінімдер 2023 жылдың 15 маусымына дейін мына электрондық пошта арқылы қабылданады: elordainfo23@gmail.com.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефоны: 8 (778) 143 06 11, 8 778 155 61 11 (whatsapp).



КҮН АСТЫНДА КӨП ЖҮРМЕ!

3

Соңғы аптада Астанада күн қатты ысып, ауа температурасы 38-39 градусқа дейін жетті. Дәрігерлер мұндай ауа райы созылмалы ауруы бар адамдардың, балалардың, тіпті дені сау адамның да денсаулығына қауіп төндіретінін айтады. Сонымен қатар қазіргі ыстық күндері мейлінше күн астында жүрмеуге кеңес береді.

СЕРТИФИКАТТАР ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулені қабылдады. Кездесу басында Одрэ Азуле Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бурабай» және «Марқакөл» қорықтары биосфералық резерваттардың жаһандық желісіне, сондай-ақ «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін растайтын сертификаттарды табыстады.

Сонымен қатар Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы мәдени және тарихи мұраларды сақтау, білім және ғылым саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейту ісіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азулеге ілтипат білдіре оты-

рып, оның ЮНЕСКО Бас директоры ретіндегі көшбасшылығын жоғары бағалайтынын, сондай-ақ ұйымды одан әрі нығайтуға бағытталған қызметіне қолдау көрсететінін атап өтті. Президент Бас директорға Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барғаны үшін алғысын айтты. Сондай-ақ оның Түркістанға сапарын азаматтарымыз

жылы қабылдағанын жеткізді.

«Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін аса маңызды. ЮНЕСКО біз үшін ерекше ұйым әрі басымдыққа ие. Біз осы өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы климат, биолуантүрлілік және су ресурстары салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға Қазақстанның ниетті екенін жеткізді. Жақын арада Өңірлік көпсалалы кеңсе болып қайта құрылатын Алматы қаласындағы ЮНЕСКО бюросының қызметі – Қазақстанның осы ұйыммен табысты байланысының жарқын мысалы.

Өз кезегінде Одрэ Азуле қазақ жерінде қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралары тізіміне енген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барған кезде алған әсерімен бөлісті. ЮНЕСКО-ның Бас директоры Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға, соның ішінде азаматтық қоғамды нығайтуға, білім және мәдениет саласын дамытуға қатысты бастамаларына жоғары баға берді. «Менің Қазақстанға жасаған сапарым Сіздің еліңіздегі маңызды стратегиялық кезеңмен тұспа-тұс келді. Сіз ауқымды реформа жүргізіп жатырсыз. Бұл істе сіздің президенттік мандатыңыз шешуші рөл атқаруға тиіс» деді Одрэ Азуле.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмидпен кездесті. Президент Астана халықаралық форумына қатысуға келгені үшін Хельга Шмидке алғыс айтып, аталған форум Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жаңа алаң екеніне назар аударды.

«Сіз бастап келген ЕҚЫҰ делегациясы осы форумда көптеген түйткілді мәселелердің оң шешілуіне елеулі үлес қосады деп санаймын. Өкінішке қарай, қазір әлемде ондай проблемалар бар. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту Қазақстан үшін басым бағыт саналады. Бізді ұйымның рөлі туралы пікірлер қайшылығы алаңдатады. 2010 жылы Астанада өткен саммиттен кейін министрлер деңгейінде де, басқа форматта да бірде-бір ресми құжат қабылданған жоқ. Әрине, бұл – алаңдатарлық жайт. Біз ұйым аясындағы байланыстарды нығайту қажет екеніне бұрынғыдай кәміл сенеміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі. Президент еліміздің ЕҚЫҰ-

мен арадағы өзара тиімді серіктестік және ашықтық рухындағы тығыз қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға және осы ұйымның Бас хатшысы Хельга Шмидке жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді.

Өз кезегінде Бас хатшы Хельга Шмид Астана халықаралық форумына қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Дұрыс айтасыз. Қазір күрделі кезең деп ойлаймын. Қиындықтарға қарамастан, ЕҚЫҰ бірегей диалог алаңы ретінде қызметін жалғастыра береді. Сондай-ақ Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы белсенді рөлін оң бағалаймын. Сіз Астана саммиті туралы айтып өттіңіз. Мен ол жиынға қатыстым. Дұрыс айтасыз, бұл соңғы саммит болды.

Астана декларациясы, шын мәнінде, ұйымның қызметін реттейтін маңызды құжаттардың бірі. Мен Астана форумында сөйлейтін сөзіңізді асыға күтемін. Қазір мәмілеге келу үшін бір-біріміздің пікірімізге құлақ асу өте маңызды деп ойлаймын. ЕҚЫҰ-ның негізі міндеті де – осы» деді ЕҚЫҰ Бас хатшысы.

Кездесуде Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен оның даму перспективалары талқыланды. Сондай-ақ аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

Мемлекет басшысы Shell концернінің бас атқарушы директоры Уэльс Сауанмен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа трансұлттық компанияның энергетика және мұнай химиясы салаларында жүзеге асырып жатқан жобалары туралы мәлімет берілді. Кездесу барысында Қазақстан мен компанияның мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығының перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы сумен қамтамасыз ету туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің баяндамасын тыңдады.

ШАРА ҚАБЫЛДАУ МІНДЕТТЕЛДІ

Әкімге қысқа мерзімде тек сумен қамтамасыз ету саласында ғана емес, сонымен қатар қаланың маңызды басқа да жүйелерінде дағдарыс жағдайын түбегейлі болдырмау үшін жүйелі

және жедел іс-шаралар қабылдау тапсырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалыптасқан жағдай Президент Әкімшілігінің бақылауында болады.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек су қысымы мәселесіне қатысты тұрғындарға үндеу жолдады. Қала басшысы маусым айында елордада жаңа ауызсу станциясы іске қосылатынын, ол тапшылықтың орнын толтырып, үйлерге жеткілікті көлемде су беруді қамтамасыз ететінін мәлімдеді.

«Құрметті Астана қаласының тұрғындары! Соңғы уақытта Астана қаласында су тапшылығы мәселесі көтеріліп жатыр. Рас, қаламызда мұндай проблема бар. Қазіргі уақытта тәулігіне 25 мың текше метр су жетіспейді. Қаламыз күн санап өсіп жатыр. Жылына кем дегенде 60-70 мың жаңа тұрғын қосылады, ал соңғы 3 жылдың ішінде қаламызда тұратын азаматтардың саны 200 мың адамға суару жұмысы басталып кетті. Өткен аптада болған +30 градустан асатын аптап ыстық осы аптада да жалғасуды деп болжануда. Бүгін де ауаның температурасы +30 градустан асып тұр. Осыдан 2 жыл бұрын әкімдік екі жаңа нысанның құрылысын бастаған. Бірінші нысан – қазір өздеріңіз көріп

отырғандай, мынау су сорғыш-сүзгіш станция. Бұл нысанның құрылысы осы айдың соңына дейін толығымен бітеді және қалаға күн сайын қажетті 25 мың текше метр су беріледі. Екінші нысан – Астана су қоймасынан қалаға келетін су құбыры. Бұл нысанның да құрылысы аяқталуға жақын. Келесі аптада толығымен құрылыс жұмысы бітеді және қалаға қажетті су қысымы беріледі. Сонымен, бір айдың ішінде бүгінгі су тапшылығы мәселесі толығымен шешіледі. Ал тамыз айында бұл станцияның екінші кезеңінің құрылысы бітеді. Тиісінше қалаға күніне қосымша 85 мың текше метр су берілу мүмкіндігі пайда болады. Бұл алдағы 3-4 жылға жеткілікті» деп жазды елорда әкімі Instagram-дағы парақшасында.

ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТКЕ БАРМАУҒА ШАҚЫРДЫ

№3 су сорғыш-сүзгіш станция 30 маусымда іске қосылады. Бұл туралы Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов мәлімдеді.

«Осы айдың соңына дейін қаладағы ауыз су тапшылығы шешіледі. Дегенмен дәл қазіргі уақытта кейбір тұрғын үйлерде судың аздығы шамадан тыс қатты байқалатынын түсініп отырмыз. Мұндай үйлердің мәселесін «Астана су арнасы» және аудандық әкімдіктер бірлесіп шешуде. Кейбір жерлерде үйдің насостары қайта бекітіліп, соның арқасында судың ағысы күшейтіліп жатыр. Бірақ ол барлық жағдайда бірдей көмектесе бермейді. «Астана су арнасы» барлық тұрғын үйлерге теңдей қарап, су тапшылығын шешуге тырысуда. Алайда су қоймаларында деңгей қатты төмендеп кеткен кезде, олар сол су қоймаларын толтырып алғанша қала-

дағы ағысты азайтуға мәжбүр. Әдетте бұл түннен-таңға дейін жалғасады. Мұндай кезде сабыр сақтағаннан басқа ештеңе көмектесе алмайтыны тағы анық. Сол себепті қалыптасқан жағдайға азаматтарды түсіншілікпен қарап, заңға қайшы әрекеттерден аулақ болуға шақырамыз. Көше жабылса, су келеді екен деп түсіну қате. Есесіне, заңға қайшы әрекет, басқа азаматтардың еркіне нұқсан келтіріп, жол-көлік апатына әкелуі ықтимал. Сол себепті, қалыптасқан жағдайда өзге тұрғындар секілді заң аясында бірлесіп жұмыс істеуге шақырамыз. Әрбір арыз-шағым толық қаралады, мамандар сізге міндетті түрде көмектеседі» деді Д.Бабаұратов.

СҮБЕЛІ СӨЗ



Руслан ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Қорғаныс министрі:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі ретінде барлық жауапкершілікпен мәлімдеймін: Қазақстанның Қарулы күштері біздің аумағымызда, бітімгершілік мәселелері бойынша ел аумағынан шығу көзделмеген. Біз бітімгерлік миссиясын тек БҰҰ аясында ғана жүргіземіз. Бірақ ҰҚШҰ елдерінің аумағында орындамаймыз және ешқайда бармаймыз.

(07.06.23. ҰҚШҰ ережесі бойынша Қазақстан әскері басқа елдердің соғысына араласып кетуі мүмкін бе деген тілшілердің сұрағына берген жауабы)

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Microsoft корпорациясы балалар деректерін заңсыз жинағаны үшін 20 миллион доллар айыппұл төлеуге тиіс.

Бұл шешімді АҚШ Федералды сауда комиссиясы қабылдады. Компания ата-ана рұқсатынсыз 2015-2020 жылдар аралығында балалардың деректерін топтастырған. Жеке мәліметтер онлайн ойынға тіркелу базасынан алынған. Бұл – интернетте қосылу құпиялылығын қорғау туралы заңға қайшы әрекет. Ал корпорация жауап ретінде жүйедегі ақауды айыптады.



Иран баллистикалық зымыран жасап шығарды.

Зымыран 1400 шақырым қашықтықтағы кез келген нысанаға дәл соққы бере алады. Сонымен қатар зымыранды жойтын бірде-бір құрал жоқ деп мәлімдеді елдің Гвардия әуе күштерінің басшысы. Ал Батыс елдері Тегеранның бұл мүмкіндіктеріне алаңдаушылық танытты. «Фаттах» деп аталған зымыран дыбыс жылдамдығынан неше есе тез және күрделі траектория бойынша ұша алады.



Франция астанасында әлемнің 180 елі пластик қоқысты азайту бойынша бірлескен жоспар дайындауға келісті.

Құжаттың өзін 2024 жылдың соңына таман қабылдау көзделіп отыр. Бұл кездесу жер шарымызда пластик қалдығын азайтуды көздеген әлем елдерінің екінші басқосуы болды. Шараға қатысушылар 2040 жылға дейін дүние жүзін пластик қалдықпен ластануды 80 пайызға дейін азайтуға ниетті. БҰҰ келешек шартты Париж келісімінен кейінгі ең маңызды құжат деп отыр.

МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Биыл атақты венгр ақыны Шандор Петефидің туғанына 200 жыл толды. Осы бір айтулы күнге орай Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Венгрияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Ронамен кездесіп, елордадағы көшелердің біріне Шандор Петефи есімін беру туралы ұсынысты талқылады.



Қазіргі уақытта Будапеште елордамыз - Астана және Абай Құнанбаев атымен аталатын көшелер бар. Өткен жылдың сәуір айында екі ел дипломатиялық қатынас орнатқандығының 30 жылдығын атап өтті.

– Кездесуде іскерлік байланыстар және ынтымақтастықты дамыту мәселелері, сондай-ақ екі елорда делегацияларының өзара сапары жөнінде де әңгімелестік. Мажарстанның елімізбен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға деген қызығушылығы артып келеді. Екі ел арасындағы мәдени және ғылыми байланыстардың арқасында қазіргі таңда Венгрия жоғары оқу орындарында мыңнан астам қазақстандық студент оқиды, – деді Ерлан Каналимов.

PR-МЕНЕДЖЕРЛЕРГЕ ПАЙДАЛЫ ТРЕНИНГ



Астанада қала әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік органдардағы дағдарысқа қарсы коммуникациялар» тақырыбында журналистерге, баспасөз хатшыларына, жалпы PR-менеджерлерге арналған семинар-тренинг өтті. Оны «Баспасөз қызметі», «Сатуды басқару» журналдарының бас редакторы, іскерлік коммуникациялар және қоғаммен байланыс саласындағы сарапшы Руслан Асланов жүргізді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Цифрландыру дәуірінде, электронды Үкімет қарқынды дамып жатқан кезде мемлекеттік органдардың халықпен байланысын үйлестіретін де, кез келген мәселені түсіндіретін де – PR-менеджерлер.

– Осы тақырыпта өткен жылы да семинар ұйымдастарған болатынбыз, биыл тағы да өткізгенді жөн көрдік, – дейді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов семинар-тренинг басталарда сарапшыны жиналғандарға таныстыра отырып.

– Руслан Асланов – Ресейде және басқа елдерде осы тақырыптар бойынша ашық және корпоративтік семинарлар мен тренингтер өткізіп жүрген маман.

Бірнеше кітаптың авторы, осы саладағы білікті маманның бүгінгі өткізген тренингі біздің PR-менеджерлердің жұмысына жақсы әсері болады деген ойдамын. Егер осы тренинг сіздерге дағдарысқа қарсы коммуникация сияқты маңызды салада қосымша дағдыларды игеруге көмектесе, біз өте қуаныштымыз, – деді ол.

Бірнеше күнге жоспарланған семинар-тренингте баспасөз хатшылары, қоғаммен байланыс бөлімі қызметкерлері тиімді коммуникациялар саласындағы сарапшыдан көптеген маңызды сұрақтарына жауап ала алады, ұсыныс-тілектеріне орай, оларды мазалаған сауалдарға жауап беріліп, тығыз іскерлік қарым-қатынас жағдайында өткізілген жиынның жақсы нәтижелері жұмыс барысында пайдаланатын болады.

– Қоғамдағы ашықтық, адамдардың

мұң-мұқтажына жедел түрде назар аудару – басты басымдықтың бірі, – деді Р.Асланов тренинг кезінде.

Ол жиналғандарға әрекет ету стратегиясын құру, БАҚ алдында сөйлеу білу, өзін-өзі ұстауы, әртүрлі төтенше жағдайлар болғанда жедел баспасөз релизін дайындап, халыққа дұрыс түсіндіру керектігін жеткізді. Сарапшының айтуынша, ақпарат таратуда «Журналистер сөйлейтіндерге түсіністікпен қарайды», «Жылдамдық сенімділіктен маңыздырақ», «БАҚ әрқашан зардап шеккендердің жағында», «Бедделден айрылмайтындай ұстанымымыз қалай болады?», «Біз оған қалай қараймыз, нені жоспарлаймыз және аудиторияға не айтуымыз керек?» дегенге сараптама жасай келе қажет жағдайда кешірім сұраудан да қашпау керектігін айтады. Мысалы, жапондық балмұздақ жасаушы компания басшылығы бағаны 9 центке көтергені үшін халықтан кешірім сұраған видеосы әлеуметтік желіге салынды. Өте құпталық жәйт.

Ресейдің ең мықты 27 сарапшысының бірі – Руслан Аслановтың семинар-тренингі тыңдаушылар үшін пайдалы болды. Қатысушылар еркін пікір алмасып, ұсыныс, тілектерін де жеткізді.

Түркияда 28 миллион жылдық мүйізтұмсық қалдықтары табылды.

Қалдықтарды палеонтологтар Түркияның Чанкыры провинциясындағы қазба жұмыстары нәтижесінде тапты. Зерттеу барысында алып мүйізтұмсықтың қазба үлгілерінің ең көп саны Түркияда екені анықталды. Бұл үлгілер Анкарадағы мұражайға әкелінді. Мұражайдың палеонтологиялық зертханаларында қалпына келтірілгеннен кейін оларға инвентарлық нөмірлер беріліп, мұрағатқа жіберіледі.



Украинаның Херсон облысындағы Каховка су электр станциясы жарылып, төңірегін су басып кетті.

Киев қойманы Ресей әскері жарды десе, Ресей украин сарбаздары жарып жіберді деп отыр. Қазіргі уақытта 80-ге жуық елді мекен су астында қалды. Бөгенінің биіктігі – 32 метр, ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын бұл су қоймасы Еуропадағы ең ірі нысан саналады. Бөген өткен ғасырдың 50-жылдарында салынған.

Астанада жаңадан құрылған Нұра ауданының шекарасы бекітілді.

НҰРА АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов «Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Үкімет қаулысына қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының полиция департаменті Нұра ауданының полиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылсын. Жоғарыда

көрсетілген мемлекеттік мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте ҚР Ішкі істер министрлігін ұстауға арналған және жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін» деп жазылған Үкімет қаулысында. Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енді.

КҮН АСТЫНДА КӨП ЖҮРМЕ!

Соңғы аптада Астанада күн қатты ысып, ауа температурасы 38-39 градусқа дейін жетті.

Райхан РАХМЕТОВА

Синоптиктердің хабарлауынша, маусымның басында күннің осындай өте аптап ыстық болуы бұрын 2019, 2020 және 1952 жылдары байқалған. Дәрігерлер мұндай ауа райы созылмалы ауруы бар адамдардың, балалардың, тіпті дені сау адамның да денсаулығына қауіп төндіретінін айтады. Сонымен қатар қазіргі ыстық күндері мейлінше күн астында жүрмеуге кеңес береді.

Ақмола өңірінде маусымның басындағы ауа райының ең ыстық болған кездерін еске алсақ, 1952 жылғы 2 маусымда ауа температурасы 35,7 градусқа жетсе, 2012 жылы 3 маусымда 35,9, 2020 жылы 1 маусымда 35,1 және былтыр 4 маусымда 36,2 градус болған. Ал биылғы аптап бұлардан да асып кетіп отыр. Ауа райы болжамына сәйкес күннің ысуы 7 маусымға дейін сақталып, сосын аптаптың беті бірден қайтады. Бұл Иран мен Орталық Азиядан келетін циклондар және атмосфералық фронттарға байланысты болып отыр. Осыған орай елордада өрт қауіпсіздігіне төнер қауіп жоғары. Оған қоса төбеден тескен күн шекені қыздырып, сыртқа шаруасымен шыққан тұрғындардың денсаулығына да нұқсан келтіруі мүмкін. Дәрігерлер жер-жерде халыққа ақыл-кеңесін айтып, күннің астында жүрудің қауіпін және одан қорғанудың жолдарын түсіндіруде.

– Күн астында көп жүрген адам-

ның көзі қарауытып, басы айналуы, жүрегі айнуы мүмкін. Жүрек соғысы жиілеп, терісі боп-боз болып кетсе, бұл – күн өткенінің белгісі. Жалпы дәл қазіргі ауа райында таңертең сағат 10.00-ден бастап кешкі 17.00-ге дейін далада жүрмеген жөн. Әсіресе, қан қысымы жоғары, онкологиялық және жалпы созылмалы аурулары бар адамдардың далаға шығуына мүлдем болмайды. Сондай-ақ 7 жасқа дейінгі балалардың да күннің ыстығы қайтқанға дейін үйден шықпағаны дұрыс. Себебі кішкентай балалардың ағзасы ыстық температураға өте сезімтал болып келеді, ыстық күнде көп жүру олардың ағзасын сусыздануға дейін әкелуі мүмкін, – деп сақтандырады №10 қалалық емхананың жедел жәрдем бөлімінің меңгерушісі Арман Әлібеков.

Қанша ысы болса да, қалада басына күн өтіп, құлайтындай деңгейге жетіп жатқандар жоқ. Себебі қазір ақпарат дәуірінде адамдар мамандардың ақыл-кеңесін оқып, соған құлақ түреді. Мұндай күндері, әрине, күнге қарсы қалқан болар бас киім киіп, үнемі қолыңызға бөтелкеге ауызсу құйып, бірге алып жүрген жөн. Оған қоса күннен қорғайтын жақпа май жағу керек, себебі денесінде мені мен қалы көп адамдардың денесін күн қатты күйдіруінен тері онкологиясы дертіне шалдығу ықтималдығы басым. Сонымен қатар табиғи таза матадан тігілген, күн көзін өзін тартпайтын ақшыл түсті киімдер киген абзал.

ЫСТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

- КҮНДІЗ 12:00-16:00 АРАЛЫҒЫНДА КӨШЕГЕ ШЫҚПАҒАН ЖӨН
- ТӘУЛІГІНЕ КЕМ ДЕГЕНДЕ 2-2,5 ЛИТР СУ ІШУ КЕРЕК
- АЛКОГОЛЬДЕН БАС ТАРТЫП, ТЕМЕКІ ШЕГҮДІ АЗАЙТУ ҚАЖЕТ
- КОНДИЦИОНЕРДІ 23-27°C-ТАН ТӨМЕН ТҮСІРМЕГЕН ЖӨН
- 30°C-ТАН ТӨМЕН ЕМЕС ТЕМПЕРАТУРАДА ДУШ ҚАБЫДАҒАН АБЗАЛ
- ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АЗАЙТУ ҚАЖЕТ
- АШЫҚ ТҮСТІ, ТАБИҒИ МАТАДАН ТІГІЛГЕН КИІМ (БАС КИІМ) КИГЕН ДҰРЫС
- ДӘРІ-ДӘРМЕКТІ ДӘРІГЕРДІҢ КЕҢЕСІМЕН ІШУ ҚАЖЕТ
- БАЛАЛААРДЫ ЖӘНЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН КӨЛІКТЕ ҚАЛДЫРЫП КЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ
- СУБҰРҚАҚТАРДА АУРУ ЖҰҚТЫРУ, ТОҚ СОҒУ ҚАҰПІ ЖОҒАРЫ



ЕЛОРДА – СПОРТ ОРДАСЫ

«АЛАУ» МҮЗ АЙДЫНЫ

13 жыл бұрын Азия ойындары қарсаңында есігін ашқан «Алау» жабық мұз айдыны қысқы спорт түрлерін дамытатын бірегей кешенге айналды.

Үш мұнарасымен танымал ғимараттың жалпы аумағы 65481 шаршы метрді құрайды. Халықаралық стандарт бойынша мұзды тез қатыратын технологиямен жабдықталды. Айдындың ұзындығы – 400 метр, көрермен мінбері – 7462 орын.

Мұнда екі хоккей корты, төрешілер залы, баспасөз залы, ойын залы (24×34); атлетикалық даярлық және хореография залы, фитнес-орталық, тир, 180 орынға есептелген мейрамхана, 42 бөлмелі шағын қонақ үйі бар.

Кешеннің сыртында жазғы-тұрым ашық бассейн, жағажай, волейболы мен мини-футболға арналған алаңы қарастырылған.

Мұнда 500-ге жуық жасөспірім шорт-трек, шайбалы хоккей, допты хоккей, кёрлинг, мәнерлеп сырғанау және тағы басқа қысқы спорт түрлерінен жаттығады.

2011 жылдан бері күз-қыс айларында мұз айдынына жаппай сырғанау маусымы ашылды.

ЖҮЙРІКТЕР ЖАРЫСАТЫН «САРЫАРҚА»

«Сарыарқа» велотрегіне барғанымызда Астанада Silk Way series Astana I және II (CL2) тректерінде велоспорттан халықаралық жарысына куә болдық. Онда Қазақстаннан бөлек, Өзбекстан, Иран, БАӘ және Литва елінің спортшылары бабын сынады.

Астана елдің саяси орталығы ғана емес, ғылыми-ағартушы, рухани-мәдени және бұқаралық спорт орталығына айналды. Әсіресе елдің абыройын асырған спорттық іс-шаралар көптеп өтеді. Оған VII Қысқы Азия ойындарының өтуі дәлел болады. Одан бөлек, бокс, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, шахмат, тағы басқа спорт түрлерінен әлем және Азия чемпионатының байрағы көтерілді. Әрине, халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізетін спорт сарайлары талапқа сай болуы маңызды. Елорда спорт кешендерінің инфрақұрылымымен мақтана алады. Біз осыған тоқталуды жөн көрдік.

2011 жылы пішімі велоша-бандоздың шлеміне ұқсайтын салтанаты жарасқан кешен ашылды. Оның жалпы аумағы – 44957 шаршы метр, көрермен мінбері – 9195 орын. Мұнда велосипед спортына арналған тректен басқа, мұз сырғанағы, қонақ үй, мейрамхана, фитнес орталығы, кеңсе бөлмелері, конференц залдары, бокс залы, гимнастика залы, ойын залы және шағын футбол алаңы бар.

12 жылдан бері мұнда велосипед спортынан Олимпиадалық даярлық орталығының спортшылары жаттығады.

ЖАНКҮЙЕРЛЕР КӨП ЖИНАЛАТЫН «АСТАНА АРЕНА»

Расында, «Астана Арена» футбол стадионы – елордалықтар мен қала қонақтарына ерекше әсерге бөлейтін кешен. Оны өзім де сезіндім. Қазақстан – Беларусь арасында өткен матчты жанкүйер ретінде көріп, ұлттық құраманың жеңісіне қатты қуанғаным әлі есімде.

Стадион ойын барысы барлық тараптан анық көрінетін амфитеатр үлгісінде жасалған спорт кешенінің сыйымдылығы –

30000 орын. Алаңның айналасын қоршай орнатылған астыңғы террасада – 15000, оның үстіндегі батыс және шығыс балконда 15000 орын бар. Жабыны жасанды ойын алаңының ауданы – 105×65 метр.

2011 жылы VII Қысқы Азия ойындарының ашылу рәсімі өтті. Қазіргі кезде мұнда Қазақстан суперкубогы мен Премьер-лига ойындары, Еуропа чемпионаты лигасына іріктеу кезеңдері ұйымдастырылады және футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы, «Астана» ФК-ның өз алаңындағы матчтарын қабылдайды.



«БАРЫС – АРЕНА» ХОККЕЙШЛЕР АЛАҢЫ

Еліміздің абыройын асқақтатып жүрген «Барыс» хоккей клубының алаңы ретінде танымал «Барыс – Арена» спорт сарайы өзінің архитектуралық шеберлігімен қызықтырады. Бұл кешенде «Барыс», «Номад», «Томирис» және мектеп командалары да жаттығады. Қазір маусымның аяқталуына байланысты «Барыс» хоккей командасы демалыста, жаңа маусым шілде айында ашылады.

Олимпиадалық талаптарға сай салынған кешеннің құрылысы 2012 жылы басталып, 2015 жылы Президент кубогымен

салтанатты түрде есігін ашты. Спорт кешенінде 5 жастан 16 жасқа дейінгі балалар және жасөспірімдер мектебі жұмыс істейді. Стадион 12000 көрерменге арналған.

АТАҚТЫ ПАЛУАН САРАЙЫ


Әлемдік жарыстар өткізілетін «Жекпе-жек» сарайы 2019 жылы халықаралық спорт федерациясының стандарттары мен талаптарына сәйкес салынған.

Спорт кешенінде жекпе-жектің барлық түрлерінен халықаралық жарыстар өткізіледі. Сонымен қатар бокс, күрес, дзюдо, ауыр атлетика секілді спорт түрлерінің барлығынан халықаралық жарыстар өткізуге де болады.

Ал спорт залы 5 мың адамға арналған. Сонымен қатар 25 метрлік бассейн, фитнес-орталығы, қонақүй мен шағын футбол алаңы да бар.

2020 жылы «Жекпе-жек» сарайына Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкөмпіровтің есімі берілді.

Шынар ӘБИП,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
2-курс студенті



«БӘЙТЕРЕК»

Астананың ажарын ашып, көркін асырып тұрған ғажайып құрылыстың бірі – «Бәйтерек» монументі.

Елорданың бас жоспары аясында Елбасының идеясымен салынған нысанның сызба-жобасын әлемдік сәулет өнерінің шеберлері жасап, Ресей академиясының сәулетшілері, белгілі жапон сәулетшісі Кисе Курокава және «Ақорда» қазақстандық жобалау-құрылыс компаниясы орнатты.

Бұл Өмір ағашы Әлемнің сипаты іспетті: жерасты әлемі «Бәйтеректің» тамыры, ал аспан әлемі – ағаштың ұшар басы. Диаметрі 22 метр болатын үлкен шыны шар бақыт құсы Самұрық ағаш басына жыл сайын салатын алтын жұмыртқаны аңғартады. Монументтің биіктігінің де өзіндік мәні бар.

Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» компози-

циясы орын тепкен. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан.


Арнайы шынылармен әйнектелген «Бәйтерек» күмбезінің салмағы – 70 т, ал алтын шардың үстіңгі ауданы – 1553 м. Осынау ғаламат шардың панорамалық залынан Астананың кешегі және бүгінгі сәулеті – «ескі» және «жаңа» көрінісін тамашалауға болады. Алтын шар мен ғимараттың негізгі кіреберісі бір-бірімен «оқпан» деп аталатын салмағы 695 т металл құралыммен байланысып жалғасқан. «Бәйтерек» кешенінде келушілердің демалып, асықпай отырып төңірегін көруге мүмкіндік беретін дәмханасы да бар.

2017 жылы күрделі жөндеуден соң «Бәйтеректің» келбеті заманға сай өзгерді. Аппақ мәрмәрдан жасалған еден, алтын түстес баспалдақтар, ішкі безендірулер керемет үйлесім тапты.

Тағы бір жаңашылдық – Led экраны бар өнер галереясы. Монументтің фойесіне габаритті иілген алып экраннан еліміз туралы мәліметтермен танысуға болады.

Әлемде алғаш рет диаметрі 22 метрлік, салмағы 300 тоннадан тұратын күннің түсуіне қарай түсін өзгертетін «хамелеон» әйнегінен жасалынған шар биіктігі жағынан рекордқа ие болды.

Төлеген АБДРАСИЛОВ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
2-курс студенті



ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН


Тәуелсіздіктің теңдесісіз тартуы, азаттықтың алтын арқауы жалпақ жұртымызды айқын болашаққа, кемел келешекке жұмылдырып, даму жолындағы ұлттық мақсат-мүдделерімізді бір арнаға тоғыстырды. Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Астананың 25 жылдығына орай ағымдағы жылдың сәуір айында қызметіне кіріскен Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Мустафа КАПУДЖУ мырзаға жолығып, сұхбаттасқан едік.



аңғардым. Бұл дегенің Қазақстанның келешегі кемел, болашағы жарқын дегенді білдіреді. Қазіргі білім алып жатқан жастар 15-20 жылдан соң елінің көшін сүйейтін, мемлекетті маңызды деңгейге жеткізетін азаматтар болатынына сенімдімін. Мемлекеттің бала оқытуға қатысты жүргізіп отырған саясаты маған қатты ұнады. Отбасы құндылығы мен заманауи білім алуды құстың қос қанатындай бірдей алып жүргені қуантады, бауырлас елдің болашағы жарқын боларына сенімім мол.

– Мустафа Капуджу мырза, Қазақстанның қай өңірлерін араладыңыз, алдағы кезде екі ел арасында қолға алынатын бірлескен жобалар бар ма?

– Алматыда болдым. Қалған өңірлерді енді араласам деген ойым бар. Осы маусым айының ортасында қасиетті Түркістанға, Шымкент қаласын көріп, жалпы оңтүстік өңірді араласам деймін. Айдың аяғына



Ахметолла ШӘКІРОВ, қоғам қайраткері:

КЕУДЕМДІ МАҚТАНЫШ СЕЗІМІ КЕРНЕЙДІ

– Бүгінде еліміздің бас қаласы – әлем таныған Астана өзінің ширек ғасыр мерейтойын атап өткелі отыр. Мойындау керек, ел астанасының ерке Есілдің жағасына көшірілетінін естігенде ақмолалықтардың қуанышында шек болған жоқ. Бұл тек жергілікті тұрғындар үшін ғана емес, осы аймақтың халқы үшін де басқа қонған бақ еді. Баршаға белгілі, ол кезде зауыт-фабрикалар тоқтап, кәсіпорындар жартылай жұмыс істегендіктен, әлеуметтік сала қызметкерлері мен зейнеткерлердің қолдарына айлап ақша тимей қиналатын. Қалада жарық жиі өніп, жылу аз беріліп жүрді. Көптеген түйінді түйткілдерге тап болғанымен, халық бұған түсіністікпен қарады. Ертеңгі күніне сенім артты.

Мен ол кезде қала әкімінің орынбасары едім. Бірден Алматыдан көшіп келетін мемлекеттік мекемелерді орналастыру үшін бұрынғы ғимараттарды жаңғырту жұмыстарына баса көңіл бөлдік. Абылайхан даңғылы бойынан жаңа көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы да басталып кетті. Оған еліміздің іргелі құрылыс компаниялары тартылды. Мамандарға жатақхана әзірледік. Міне, осындай қыруар міндеттер мойнымызда тұрды. Шыны керек, бар мыта-ықшасымызбен жұмыс істедік. Ақмола Астана болады деген сөз бізді қуаттандырды. Бойымызды ерекше шаттық сезімі билеп, уақытпен санаспай еңбек еттік. Ол кезде біздің жұмысымыз таңғы сағат жетіде басталатын.

Жарнамалық қызметті жандандырдық. Көше жиектері мен саябақтарға ағаш егіп, гүл отырғыздық. Әсіресе, түнде шаһарға ерекше көрік беретін түрлі-түсті шамдар орнаттық. Оларды күндіз істеп, түнде тексереміз. Қала әкімі Әділбек Жақсыбеков бұған баса назар аударды. Мен ол кісімен бір жарым жылдай жұмыс істедім.

1998 жылдың 6 мамырында Сарыарқа мен Алматы ауданы құрылды. Шаһар басшысынан сол ауданды басқаруға өзім сұранып бардым. Сол жолы Елбасы жаңа құрылған екі ауданның әкімін өз резиденциясында қабылдады. «Мен сендерге келісімді бердім. Бұл – жай қала емес, еліміздің бас ордасы. Сондықтан дұрыс жұмыс істендер, жігіттер!» деп қызметімізге сәттілік тіледі. Мен Алматы ауданын төрт жыл басқардым.

Біздің ауданды сол кезде жұртшылық ауызекі тілде «спальный район» дейтін. Өйткені көпқабатты тұрғын үйлер көп болды. Алғашында біраз қиындықтар кездесті. Кейін бәрі қалпына келді. Бізге аудан аумағындағы Қырқынышы, Силикатный және Күйгенсар елді мекендерінің шаш етекпен шешілмей жатқан мәселелерімен бетпе-бет келуге тура келді.

Қазір гүл жайнаған астанамыздың көрікті жерлерін аралап жүріп, кеудемді мақтаныш сезімі билейді. Бір кезде, дәлірек айтқанда, ширек ғасыр уақыт бұрын осы қаланың ірі мегаполиске айналуы жолында менің де үлесім бар екеніне қуанамын. Осы шаһарда тұрып, оның бір кірпіші болып қаланғанымға тауба деп оны немерелеріме айтып отырамын.

Елорда – болашақтың қаласы. Оның ертеңі бүгіннен де кемел, бүгіннен де жарқын болады. Бізге жаңа ғасыр тоғысында жаңа астана таңдау, әлемге әйгілі әсем қала салу бақыты бұйырды. Астана мерекесі құтты болсын!

ЕЛОРДА – МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖҮРЕГІ

Айта кету керек, Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастарға 31 жыл толыпты. Тамыры ортақ тарихымыз бен мәдени, рухани байланысымызға негізделген түрік-қазақ бауырластығының 31 жылдан астам уақыт бойы нығайып келе жатқаны, елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың барлық салада дамып жатқаны қуантады.

– Мустафа Капуджу мырза, еліміздің астанасы биыл 25 жылдығын атап өтеді. Елордамыздың дамуы, сәулеті, мәдениеті, өркендеу жолдарын қалай бағамдар едіңіз?

– Қалада көгалдандыру жұмыстары ұдайы жүргізіледі, осы мені қуатты. Орталық саябаққа барып біз де осы іске атсалысып, ағаш отырғыздық. Көгалдандыру арқылы қаланың ауасы тазарады, денсаулыққа пайдалы әрі елорда көркейе түспек. Тек, халық саны өсіп жатқандықтан, алдын ала жоспарланып, инфрақұрылымның құрылуы пайдалы болуы мүмкін. Астанада тұрып жатқандар қаланың дамуымен қатар соңғы екі жылда кептелістің едәуір көбейгенін айтады. Мен тұратын резиденциямен елшілік арасындағы жол – 10 минуттық жер, ал Mega Silk Way-ға бару үшін 20-30 минуттан астам уақыт кетеді. Үлкен қалалармен салыстырғанда Астанадағы кептеліс соншалықты үлкен емес деп айтуға болады, бірақ осы мәселені шешудің жолдарын қарастырып, тиісті шаралар алына, елордалықтардың өмірі бұдан да жақсара түсетініне сенімдімін. Анкарадағы көше кептелістерін жол асты, жол үсті жолдарын салу арқылы шешуге тырысты. Бірақ маған жаяу жүргіншілерге арналған жер асты жолдарына қарағанда жер үстіндегі жасыл ағаштары бар жарық көшелермен жүрген әлдеқайда ұнайды. Сосын биік, заулім үйлерден гөрі қаладағы көгалдандырылған гүлзарлар, парктің көп болғаны қалаға ерекше көрініс сыйлайды.

– Әлемдік экономиканың болашағы туризммен анықталады. Екі ел арасындағы туризм арқылы қарым-қатынас мәселелері қаншалықты шешілген?

– Екі ел арасындағы туризм секторына қатысты ешқандай проблема жоқ деп ойлаймын. Пандемия кезіндегі коронавирус инфекциясына байланысты шектеулер алынған соң, қазіргі таңда Türkiye Nava Yolları, Астанадан Анталияға, Анкараға, Ыстанбұлға тікелей әуе рейсін көбейтті. Екі ел арасындағы рейс саны ұлғаюда. Әрине, бұл екі елдің туристік қарым-қатынасының дамуына үлкен септігін тигізеді.

– Урбанизация үрдісінде сіздердегі үлкен шаһарлардан жас елорда нені үйренуге болар еді?

– Астана – тыңғылықты, өзіндік қарқынмен дамып келе жатқан қала. Үлкен шаһарлар секілді инфрақұрылымы жағынан, жалпы орнықты даму жолымен келе жатыр. Өйткені халық саны артқан сайын инфрақұрылымы да күшейе береді. Инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарлама-сын барынша жетілдіріп, жеделдетіп жоспарлаудың қала тұрғындарының тіршілігі үшін өте маңызды екенін айтқым келеді. Елордада бұл жұмыстар онсыз да жүргізіліп жатқанын көрудеміз. Бұл алдағы уақытта елордада кездесетін қиыншылықтарды болдырмай, алдын алуға көмектеседі. Астана – күннен күнге тез өсіп келе жатқан қала. Сондықтан су мәселесі болсын, электр энергиясы немесе интернетпен қамтамасыз ету болсын, барлығын ертерек жоспарлаған маңызды. Мысалы, қаладағы кептеліс туралы айтсақ, осындай инфрақұрылым жүйелі дайындалса, көше жолдары реттеліп, халық кептелісте көп тұрып, уақытын жоғалтпайды. Мұны жоспарлы түрде жасау болашақта урбанизацияға қатысты мәселелерді шешеді. Мысалы, қазір Ыстанбұлдағы біздің бір проблемамыз: халық саны соншалықты көбейгеннен кейін үйлерді қалпына келтіру, адамдарды басқа жерге көшіру немесе ескі үйлерді жер сілкінісіне төзімді үйлермен ауыстыру әлдеқайда қиын. Алдын ала жоспарлап, жүзеге асырса, әлдеқайда жеңіл болады деп ойлаймын. Астана қаласы – қазір өсіп келе жатқан қала. Басқаша айтқанда, урбанизацияда инфрақұрылымдық инвестицияларды болжамға сәйкес, яғни жоспарланған халық санына, электр қуатына, суға, интернетке, трафикке дейін жоспарлау өте маңызды. Халық өскен сайын қала ластануы мүмкін. Бірақ елордада мұны

дұрыстауға мүмкіндік бар, себебі қала Сарыарқаның төсінде орналасқан, үнемі самал жел есіп тұрады. Таза энергияны пайдалану, тұтыну экология үшін де, денсаулық үшін де өте маңызды. Біз де кезінде 80-жылдары Анкараның маңайында тұрған кезде көмір жағып, үйді жылытатынбыз. Ауаның ластануынан бірнеше күн үшін жұмыс орындары тоқтатылып, сыртқа шықпауға тырысатынбыз. Сосын табиғи газға көшіп, ортақ жылыту жүйесі тұрақты жұмыс істеп, бұл мәселені шештік.

– Астанадан алған алғашқы және кейінгі әсеріңізбен бөлісеңіз? Елордалықтардың көше мәдениеті, қоғамдық орындардағы тұрғындар мәдениеті туралы не айтар едіңіз?

– Менің ресми түрде қызметке кіріскеніме енді ғана екі айдай уақыт болды. Сондықтан Астананың барлық жерін аралап үлгердім деп айта алмаймын, елорданы енді ғана танып-біліп жатырмын. Өзіндік келбеті бар Астананы әсем қала ретінде қабылдадым. Қалада жас буын көп, жастардың қаласы дегуге болады. Кешегі соңғы қоңыраудан соң көшеде қыдырып жүрген әдемі жастарды көріп, қуандым.

– Қазақтың қандай салт-дәстүрімен таныстыңыз, тілін үйренуге талпындыңыз ба?

– Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, құндылықтары, тіршілігі біздің тұрмыс-тіршілігімізге қатты ұқсайды. Отбасы құндылығын алғашқы орынға қоятын қазақтардың өмір салты да бізге қатты жақын екенін байқадым. Қазақстанда отбасылардың басым бөлігінде көпбалалылар баршылық екенін байқадым. Сондай-ақ қысқа уақыт ішінде отбасында балаларының біліміне қатты мән беретінін



Индира БЕРЖАНОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ТӨРТ
ЖАҒАЖАЙ БАР

Елордада суға түсуге рұқсат етілген төрт жағажай бар. Оның үшеуі ақпалы. Біріншісі – Астана саябағындағы жағажай. Ол Есіл ауданы, Тұран көшесінде орналасқан. Бұл қалалық жағажай сағат 10.00-19.00 аралығында қызмет көрсетеді. 16 жасқа толмаған жеткіншектерге ересектермен ғана кіруге рұқсат. Кіру құны 4-тен 15 жасқа дейінгі балаларға – 500 теңге. Зейнеткерлерге, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кіру тегін. Суға түсіп шыққаннан кейін демалушылар алты кабиналы себзгі (душ) тұрған жерге барып, шайына алады. Ашық аспан астында аяқ-қол жууға арналған орын да бар. Киім ауыстыратын бөлме де қарастырылған. Футбол, волейбол ойнайтын спорттық алаң да – демалушылар құзырында. Екінші рұқсат етілген жағажай Есіл өзені бойындағы «Три Пескаря» қонақ үй кешенінің аумағынан орын тепкен. Аталмыш демалыс орны Сарыарқа ауданындағы Көктал тұрғын алабы, Еңлік-Кебек көшесі, 11 мекенжайында орналасқан. Ал үшіншісі – Есіл өзені бойындағы «Столичный двор» демалыс орны аумағындағы жағажай. Мекенжайы: Алматы ауданы, Күйгенжар тұрғын алабы, Атақоныс көшесі, 20Б. Аталған екі жағажайға кіру құны – 7-ден 12 жасқа дейінгі балалар үшін 1000 теңге. Төртіншісі – Шабал Бейсекова көпірі ауданындағы коммуналдық жағажай. Бұл кейіннен ашылған жағажай, содан болар, тұрғындар үшін жағдай жасалмаған. Кіру тегін. Аталған су айдындарының рұқсат етілген және тыйым салынған учаскелерінің тізбесі «2gis» картографиялық платформасында орналастырылған. Бірақ бұл жағажайлар миллионнан аса тұрғыны бар мегаполис үшін тым жеткіліксіз. Сондықтан жағдайы бар отбасылар шетелге барып демалуға әуес.

ЖЕКЕМЕНШІК КӨП,
БАСЕЙН БАҒАСЫ
ӨРКЕЛКІ

Сонымен қатар қала ішінде Ailand, Sky Beach Club және «Оазис» жағажай клубы сияқты жекеменшік иеліктегі демалыс орындары бар. Мысалы, орталық саябақтағы «Оазис» жағажай клубы – ашық аспан астында, таза ауада шомылуға арналған Астанадағы бірден-бір бассейн. Орналасқан жері тиімді болғандықтан, мұнда келушілер қатары қалың. Аталмыш кешенде үш бассейн қарастырылыпты. Оның біріншісі кішкентай бүлдіршіндерге арналған, тереңдігі

АСТАНАЛЫҚТАР
ҚАЙДА ШОМЫЛАДЫ?

– 20 см. Ал үлкен балаларға арналған екінші бассейнің тереңдігі – 1,5 метр. Бір уақытта бұл жерге 200 адамға дейін сыяды екен. Сейсенбі-жексенбі күндері сағат 11.00-21.00 аралығында, ал дүйсенбі күні сағат 14.00-ден 21.00-ге дейін қызмет көрсетіледі. Кіру билетінің құны жұмыс күндері 4-тен 12 жасқа дейінгі балаларға – 4000-5000 теңге. Демалыс күндері бағасы балалар үшін 6000 теңгеге дейін көтеріледі. Ал 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге кіру тегін. Келушілерге шезлонгтар, матрастар, сүлгілер және үрлемелі дөңгелектер тегін ұсынылады.

Балалардың сүйікті орындарының бірі – жабық ғимаратта орналасқан Ailand аквапаркі. Үлкенге де, кішіге де ұнайтын бұл жерге келушілердің қатары қалың. Жұмыс күндері 3-тен 12 жасқа дейінгі балаларға кіру құны – 5000 теңге, 13-тен 17-жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін 6000 теңге. Демалыс күндері баға мың теңгеге көтеріледі. Халат, сүлгілер жиынтығы сияқты шомылуға арналған заттар және шезлонг тегін беріледі. Дүйсенбі-жексенбі күндері сағат 10.00-21.00 аралығында жұмыс істейтін Sky Beach Club-қа кіру

бағасы – балалар үшін 7 мың теңге. Хан Шатыр ойын-сауық орталығының 5-қабатында орналасқан аталмыш демалыс орны келушілерді, әсіресе, Мальдив аралдарының экзотикалық жылы құмымен қызықтырады деседі. Одан бөлек, балалар үшін «Алатау», «Астана» секілді спорт кешенінде орналасқан бассейндер бар. Мәселен, «Алатау» кешенінде балаларға арналған екі бассейн бар. Оның біріншісі кішкентай бүлдіршіндерге арналған, тереңдігі – 50 см. Ал үлкен балаларға арналған екінші бассейнің тереңдігі – 1,2 метр. Кіру құны балалар үшін 1000 теңге болса, «Астанадағы» баға 800 теңгені құрайды.

ҚАЛА ІРГЕСІНДЕГІ
ӨЗЕН-КӨЛДЕР

Астананың айналасында тұзды суға шомылып демалыс іздегендерге таптырмайтын жерлер бар. Мысалы, солардың бірі – Сарыоба көлі. Ол үлкен және кіші болып екіге бөлінеді екен. Демалушылардың басым бөлігі үлкеніне қарай ағылатын көрінеді. Ал Үлкен Сарыоба көліне Қарағанды тас жолы арқылы баруға болады. Қашықтығы – 85



шақырым. Көл жағалауында қамыс өспейді. Айналасы құм. Ортасына қарай көл тереңдей береді. Сондықтан суға түсерде балаларға ескерткен жөн. Үнемі аңызак жел есіп тұратындықтан, жиналмалы шатырларды, үйшіктерді алып барған дұрыс. Сол сияқты Астанадан 40-45 шақырым ғана қашықтықта орналасқан Сарыкөл ауылындағы Тұз көлінің емдік қасиеті бар көрінеді. Бірақ бұл көлдің суының құрамын мамандар әлі анықтамапты. Сонымен қатар, қала іргесіндегі «Чистые пруды», «Алтын қырғауыл» («Золотой фазан»), «Бейбарыс», «Балқарағай» сияқты және басқа да шипажайларға, демалыс орындарына баратындар қатары аз емес. Әлбетте, бұл орындардың барлығында да жанға жайлы жағдай жасалған. Бірақ оның бәрі ақылы болғандықтан, оны біреудің қалтасы көтерер, ал айлығы шайлығына жетпей жүрген ортанқол отбасылардың шамасы келе бермейді. Сондықтан олар шомылуға арналған тегін жерлерді қарастырады.

СУБҰРҚАҚТА
ШОМЫЛУҒА
БОЛМАЙДЫ

Астанада аптап ыстық басталысымен балалар асыр салып,

субұрқақтарды шомылуға бастап кетті. Әбден ыстықтаған балаларға «Субұрқақта шомылуға болмайды» деген тыйым тіпті әсер етпеген тәрізді. Жалпы қаладағы субұрқақтардағы су шомылуға арналмаған. Бұл туралы Астана қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті хабарлайды.

«Субұрқақтағы су жиі жаңартылмайтынын ескерген жөн. Осыған байланысты вирустық және паразиттік ауруларды жұқтыру қаупі жоғары. Сондай-ақ субұрқақта қаңғыбас иттер мен құстар шомылады. Олар әртүрлі инфекциялардың қоздырғышы болуы мүмкін. Оның үстіне, жоғары ауа температурасында судағы микроорганизмдер тез көбейеді. Сондықтан субұрқақта шомылу суық тию қаупімен ғана емес, өткір ішек инфекциясына немесе конъюнктивитке де әкелуі мүмкін. Энтеновирус және ротавирус инфекциялар, А вирустық гепатиті де үлкен қауіп төндіреді» дейді департамент мамандары.

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ
САҚТАЛҒАН?

Қала іргесіндегі өзен-көлдерге бүкіл қала жұртшылығының аяғы

жете бермейді. Сондықтан олар рұқсат етілмеген су арналарына шомылуға мәжбүр. Суға шомыламын деп қызық құған балалардың көпшілігі қауіптің қайдан келерін естен шығаратыны да түсінікті. Араларында қауіпсіздік ережелерін қаперіне ілмейтіндер де бар. Соның салдарынан суға кетіп, өлім құшып жатқандар да жоқ емес. Еске салсақ, былтыр қалада 6 адам суға батып кеткен. Оның 5-еуі – балалар. Ал биыл шомылу маусымы басталғалы бері Астанада бір адам суға кетіп, жан тапсырған.

Әрине, оқыс оқиғалардың барлығы қарапайым ережелерді сақтамағандықтан туындайды. Немқұрайлылық пен салғырттықтың салдары қайғылы жағдайларға әкеліп соқтыратыны анық. Елордадағы орталық жағажайдың құтқарушылары да жағажайға келген қала тұрғындары тиісті белгілерге құлақ аса бермейтінін, белгіленген аймақтан асып шомылатынын, қауіпті орындарда шомылуға әуес екенін баса айтады. Сондай-ақ қайғылы оқиғалардың қайталануына жағажайларда алкогольді ішімдік ішу, өз күшін бағаламау және ата-аналардың балаларын қараусыз қалдыруы себеп болады.


Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Азамат Жүмекешов шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Шомылу маусымы кезеңінде Астана қаласы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары» әзірленіп, қала әкімдігімен бекітілгенін айтады.

«Күн сайын рейдтік іс-шараларға құтқарушылар, полицейлер, еріктілер, жұмыспен қамту орталығының қоғамдық қызметкерлері жұмылдырылады. Олар шомылуға рұқсат етілген орындар және судағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтау туралы азаматтарды, әсіресе балаларды хабардар етеді. Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайлар қаупі төнген немесе туындаған кезде тиімді басқару шешімдерін қабылдау мақсатында шомылуға тыйым салатын 21 учаскеде қосымша бейнебақылау камералары орнатылды. Шомылу маусымында күнделікті патрульдеуге 50 сұңғуір-құтқарушы, 15 бірлік сұңғуірлік жарактары бар жедел-құтқару техникасы, 6 бірлік жүзу құралдары (2 кеме, 4 қайық) тартылады.

Қауіпсіздік ережелері демекші, әрбірміз қауіпті жағдайларда не істеу керектігін білгеніміз абзал. Атап айтқанда, ең әуелі суға шомылатын жерді, судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз. Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз. Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыз. Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тонып, қалтырауға дейін жеткізбеңіз. Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз. Келе жатқан катерлерге жақындап жүзбеңіз. Оларда ескіш винтіне тартып әкететін ағыс бар. Онымен қоса, суда аяқ-қолды ұстап, қимылды тежейтін ойындар ойнауға болмайды.

Қауіп қашан да аяқ астында. Ойын құған бүлдіршіндер үшін аса мән беру керек. Ал кез келген апатты жағдайдың алдын сақтық шараларын қатаң түрде ескеру арқылы алуға болады. Сондықтан суға барсақ, сақ болайық.





ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚЫЛМЫС НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Елордада жасөспірімдер арасында қылмыс саны 70 пайызға артты. Былтыр 4 айда кәмелет жасына жетпегендер 41 қылмыс жасаған болса, биыл осы сәйкес кезеңде бұл көрсеткіш 70-ке жетіп отыр. Тәртіп сақшыларының айтуынша, балаларға қатысты қылмыстарға отбасы мәселелері, кейбір ата-ананың бейәдеп өмір салты және тұрмысының түзелмеуі негізгі себеп болып отырғаны алаңдатады. Мәселенің мән-жайын Астана қаласы Полиция департаменті ювеналды полиция бөлімінің бастығы Нәллія ДОШАНОВАДАН сұрадық.

– Қалада жасөспірімдер арасында қылмыс саны артып отырғаны – қиын жағдай. Олар көбіне қандай қылмыс жасайды?

– Жоғарыда аталған 70 қылмыстың 39-ы – өткен жылдардан бері созылып келе жатқан қылмыс оқиғалары. Соның ішінде 8 ұрлықты бір бала жасаған. Ол нашақор ретінде тіркеуде тұр. Оның қылмысы бойынша тергеу жұмысы жалғасуда. Ал биыл нақты 28 қылмыс жасалды, оның 17-сін жасаған – жаңа айтып кеткен нашақор бала. Сонымен қатар жасөспірімдердің өз басына қауіп төндіретін қылмыс саны да 18 пайызға артты. Дегенмен соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық бойынша қылмыс азайған. Бізге күн сайын отбасылық-тұрмыстық кикілкіндерге қатысты шақырулар көптеп түседі. Балаларға қатысты жыныстық зорлыққа қатысты 23 қылмыстың 40 пайызын сол балалардың айналасындағы жақындары –

әкелері, өгей әкелері, анасымен бірге тұратын адамдар, туыстары мен көршілері жасаған. Көбіне балаларға ересектердің арам ойын ажырату қиынға соғады.

– Жасөспірімдердің қылмысқа баруына көбінесе не себеп болады?

– Біріншіден, әрине, ата-анасы тарапынан баланың дұрыс қадағаланбауы себеп. Бұл көбіне жағдайы төмен отбасыларда жиі кездеседі. Мәселен, аз қамтылған отбасылардан шыққан 8 жасөспірім 30 қылмыс жасаған. Екіншіден, жасөспірімдердің құқықтық сауатының және құқықтық мәдениетінің төмендігі. Үшіншіден, бос уақытының көп болуы, яғни сабақтан тыс кездегі уақытын тиімді пайдаланбауы. Сонымен қатар айналасындағы ортасының ықпалы, жасөспірімдер жасаған 3 қылмыс ересектердің қатысуымен болған. Тағы бір айта кетерлігі, тиісті профилактикалық жұмыстардың жоғынан

биыл жасөспірімдер арасында 38 құқық бұзушылыққа жол берілген. Құқық бұзған жасөспірімдердің үштен бірі толық емес отбасында тәрбиеленген, бестен бірі аз қамтылған отбасыдан шыққан. 70 қылмыстың 9-ын жасаған балалар еш жерде оқымайды және жұмыс істемейді.

– Қазіргі қоғамда буллинг, яғни мектепте өз қатарластарынан жәбір көру мәселесі де өзекті болып отыр. Әлеуметтік желілерде қазір осындай оқиғалардың бейнежазбалары жиі тарайтын болған.

– Иә, мектептегі балалардың бір-біріне жәбір көрсетуі әлеуметтік желілерде тарап, қоғамның талқысына жиі түсіп жүргені рас. Мұны жалпыөлемдік мәселе деп айтсақ та қателеспейміз. Оның ауқымы мен баланың санасында қалдыратын теріс салдары, яғни күйзеліске түсуден бастап суицид жасауға дейінгі апарадтың әрекеттер ата-аналар мен

білім беру мекемелері әкімшілігінен және жалпы барлық тиісті органдардан тартып мұнымен қарқынды күресуді, өзара іс-қимылды күшейтуді қажет етеді. Көбіне педагогтар мектеп ішінде осындай мәселе бар екенін білсе де, оны байқамағандай, елемей жүре береді. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 15 баланың мектепте жәбір көргені туралы хабар келіп түсті. Соның өзінде мұны әлгі балалардың ата-анасы хабарлаған.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығымен баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары бекітілді. Бұл ретте білім беру ұйымдары буллингке қарсы шаралар қабылдап, сол бойынша жиналған материалдарды комиссияға ұсынып отыруы керек. Сондай-ақ жәбірленген балалар хабарласып, маманмен сөйлесе алатындай сенім телефонын ашуды ұсынамыз. Сенім қызметінің

нөмірі мен буллингке қарсы тұру әдісі жазылған плакаттар барлық оқу орнында ілініп тұруы тиіс.

– Жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту үшін тағы қандай іс-шаралар атқарылады?

– Бұған қоғам болып түгел жұмылу керек. Жан-жағыңызда күнде көріп, байқаған жайттарға қатысты бейтарап қалмай, өмірлік қиын жағдайға түскен балалар туралы тиісті мекемелерді хабардар ету керек. Мұндай балалардың көбіне құжаты дұрыс болмайды, бірағы мектепке бармайды. Бұл ретте әр аудандағы учаскелік инспекторлар сол маңдағы жасөспірімдердің жүріс-тұрысына назар аударып, қырағылық танытуы қажет. Дәл осы учаскелік инспекторлар тұрмысы қиын отбасынан шыққан балаларды ең бірінші байқайды. Оғаш әрекетімен көзге түскен, жүріс-тұрысы сұйықтау балаларды байқаған жағдайда дер кезінде білім, денсаулық, құқық қорғау саласы органдарына хабар

беруіңізді сұраймыз. Соған қоса, қазіргі интернет дәуірінде кәмелет жасқа толмағандардың әлеуметтік желідегі виртуалды өміріне де бақылауды күшейтудің маңызы зор. Себебі қазір ғаламтордағы теріс ақпараттарға шектеу қойылмаған. Білім басқармасымен бірлесіп балалардың оқу орындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қабылданып, яғни бейнекамералар арқылы бақылаумен барлық мектепті толық қамтамасыз ету жұмысы да жүргізілуде.

Қалада жүргізілген мониторинг білім беру ұйымдары балалардың есепте тұрғаны туралы дұрыс хабарлар етілмейтінін көрсетті. Тіпті мектептер мен колледждер сол оқу орнындағы өздерінің шәкірттері ішкі істер органдарында тіркеуде тұрғанын да білмейді. Бұл олқылық Астана қаласы әкімдігі жанындағы кәмелет жасқа жетпегендер ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия мүшелері жүргізген мониторинг барысында анықталды.

Біз көбіне отбасындағы жағдайдың дұрыс болуы үшін профилактикалық жұмыстарды жиі жүргіземіз. Осы бойынша 324 бала тәрбиеленіп отырған 152 отбасын қамтыдық. Бала тәрбиесінде ата-ана міндетін орындамағаны үшін 128 ересек азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 2 адам ата-ана құқығынан айырылды.

Сұхбаттасқан
Раихан РАХМЕТОВА

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР БҰЗЫҚ ПА?

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Ғалымдардың, психологтардың зерттеу еңбектеріне сүйенсек, мұндай жағдайлар көбіне толық емес отбасында, ажырасқан немесе ері мен әйелі бөлек тұратын үйде көп кездеседі екен.

2018 жылы Талдықорғанда жантүршігерлік оқиға болды. 11-сынып оқушысы анасын тұншықтырып өлтіріп, кейін пышақтап тастаған. Үлгілі бала, озат оқушының асқан қатыгездікке баруына не себеп болғанын туыстары да, ұстаздары да түсінбей дал. Жеткіншек жат ағымның жетегінде кетті ме деген күдік те жоқ емес. Оқушының асқан қатыгездігі күллі жұртты шошытып отыр. 11-сынып оқушысы алдымен ұйықтап жатқан анасын тұншықтырып өлтірген. Кейін жүрегіне бірнеше рет пышақ сұғып, бауыздап тастапты. Тіпті шешіндіріп, өлі денеге ас содасын сепкен екен. Одан кейін түк болмағандай мектепке барыпты. Жол-жөнекей компьютер клубына да соғып, құмары қанғанша ойын ойнаған. Тек бір күн өткен соң ғана өз еркімен полицияға келеді. 17 жастағы оқушының жауыздығы мектебін ғана емес, оны танытандардың барлығын есеңгіретіп тастады. Ұстаздары ол үлгілі, озат, белсенді оқушы болған деп отыр. Әкесіз өскен. Анасы жалғыз ұлы мен Алматыда оқитын оның әпкесін асырау үшін облыстық наркология диспансерінде мейірбике болып жұмыс істепті.

2022 жылы Ақтөбеде 16 жастағы мектеп оқушысына қатысты қылмыстық іс қозғалды. Ол да анасын өлтірді деген күдікке иікті. Анасы вахталық әдіспен сауыншы болып жұмыс істеген. Бала аса бір бейәдеп әрекетімен көзге түспеген. Бірақ анасы бірнеше рет баланы қараусыз қалдырып, соған байланысты кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия отырысына шақырылған, ескерту жасалған. Бала салмақты, артық іс-әрекеті бұған дейін байқалмаған. Жанында дос баласы болған. Ол – кәмелет жасына толған жігіт, қаладағы колледж студенті.



Әлемнің әлеуметтік желісі түрлі сұмдыққа толы. «Анасын өлтіріпті», «қызын зорлапты», «әйелін өлімші етіп сабапты», «қарындасын ұрыпты» дейтін түрлі ақпараттан төбе құйқаң шымырлайды. Ғаламтордағы жаңалық алақаныңда тұрғанда әп-сәтте таралады. Жаманат хабар жатпайды. Әсіресе жастардың құлағына тезірек жететінін, оларға кері әсер ететінін күнделікті көріп жүрміз. Бабалар салтын сақтаған, әділдік іздеп, жауының алдында да тілін тартпаған ақеден көңілді қаракөздеріміздің өміріне не болды, бұрын неге мұндай сұмдықтар болмады, мұның бәрі неден шықты, қайда барамыз, не істеу керек деген сауал көкірегіңді жұлмалайды, тұңғыыққа батырады.

ДЕРЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Астана қаласы бойынша мектеп, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа қатысты мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны – 248, ал ішкі істер органдарында 138 бала есепте тұр, 156 әлеуметтік жағынан төмен, қолайсыз отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар саны – 327. Сондай-ақ, ағымдағы жылы 68 бала қылмыс жасаған, 2022 жылмен салыстырғанда 30 балаға артық (2022 жылы 38 бала тіркелген). Бұл деректер журналистің ресми сұрау салу бойынша Астана қаласының Полиция департаментінен алынды.

Жаңалықтардағы жағымсыз, жантүршігерлік оқиғаларға себеп көп. Әсіресе әкесіз өскен ұлдар анасының қайтадан тұрмыс құруына немесе басқа біреумен көңіл жарастырғанын қаламаудың ақыры қылмыстық оқиғаларға

келіп тіреледі, жүрегі қарайғаның қолы қанға болады.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ

Қазір көп айтылып жүрген отбасы тәрбиесіндегі екенің рөлін күшейту, мектептерде ер мұғалімдерді көбейту, балаға тек білім беріп қана қоймай, жақсы әдеттерге баулитын, тәрбиелейтін педагогтардың үздік әдіс-тәсілін насихаттау – күн тәртібіндегі жанып тұрған мәселелер.

Бала үшін ең қымбатты, қимас жан – ата-анасы. Қуанышпен қайғы алмасқан дүние ғой, олардың бірі өмірден ерте озса, тәртірдің ісі ғой, бірақ көзі тірісінде ажырасып, я бөлек кеткені – бала үшін ауыр соққы, қасірет. Жастайынан бала болып ойнамай, қиындықпен, ішкі ойымен арпалысып, шырғып,

намыстанып, саусағын бүгіп өскен бала есейе келе қатыгез, ешкімді кешіре алмайтындай мінезбен қоғаммен араласады, үлкен өмірде де көп қателікке ұрынады. Оған алысқа бармай-ақ, айналамыздан мысалды оңай келтіруге болады. Бұл – біреудің жеке өміріне араласып, жарасын тырнап, жанды жерін қозғау емес, енді аяқтанатын, жұп құратын балалардың бойына қалайда отбасылық, ұлттық құндылықтарымызды сіңірмейінше, жанұя жарастығын, жұп құраудың жауапкершілігін, міндетін есінен шығармауға септігін тигізетіні айдан анық нәрсе.

Рухани жағынан әбден жалаңаштанған Америка, бұл мәселеде ойсырай ұтылған Ресей, Еуропа мемлекеттері қазір жаппай кино түсіріп, отбасы құндылықтарын алдыңғы орынға қоюға тырысып жатыр. Себебі демократия дегеніне жетті, азулы жаһандануға жұтылды, халық

өсімі кері кетті, оған қоса, қос жыныстылар сияқты ібіліске ерген адамдар өз талабын қойып, қоғамнан орын іздей бастады.

Адамдардың ниетінен жер бетіндегі тепе-теңдік бұзылды. Хакім Абай айтқан «Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар» дегеніндей, адамның емес, хайуанның тірлігін жасағандар жер басып жүр.

Балаларым кішкентай кезінде ауырғанда немесе бала жетістігіне қатты қуанғанда енем айта-

рып, қолыңнан келсе көмектес, қолда, болмаса жылы сөзінді арнап, құшағыңа қыс, сонда ғана жеткіншек, жасөспірім бала әке-шешеді жақындарының жылуын, махаббатын сезінеді. Ал шынайы сезімсіз, жылы байланыс, құрметсіз қарым-қатынас бәрібір әлгіндей қоғамдағы дертке ұшырайды.

ПЕДАГОГТЫҢ БАЛА ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Мектебінің үздік сынып жетекшісі, оқушылардың «әкесіне» айналған №37 мектеп-лицейінің педагогы Медет Біләл былай дейді: «Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы басымдық балалардың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқығы мен заңды мүддесін қамтамасыз ету, осы мақсатта кемшіліктерді болдырмауды көздейді. Мұғалімнің оқушыға зор сенімі, махаббаты оған қатты әсер етеді. Менің сыныбымда 11 жалғызбасты ана тәрбиеленген бала оқиды. Ұстазы ретінде, азамат, ағасы, тіпті әкесі ретінде балаларды барынша қолдауға тырысамын, олар сырымен бөлісе, пікірмінді айтамын, проблемасы болса, бағыт беруге тырысамын. Сондықтан болар, олар мені «сіз біздің әкеміз, қамқорымыз, жанашырымыз» деп атайды. Алғаш естігенде толқып, қобалжығаным рас, қазір оған үйрендім, балалардың әрбір жетістігіне шын қуанып жүрмізін. Ата-ана мен мұғалім бірлігі мығым болса, білім саласында көп ілгерілеу, нәтиже болары сөзсіз».

Бала – Алланың аманаты, болашағымыздың бағдаршамы, шырағы. Отбасын құрғанда да, өмірге бала әкелгенде де мойныға екі есе жауапкершілік артылып, тек өзі үшін ғана емес, баланың болашағына, адам тағдырына алаңдау басталарын ешқашан естен шығармауымыз қажет. Уақыттың көшіне ілесу үшін отбасын, жаңа заманның құндылықтарымызға сай тәрбиелей білсек, ұтылмаймыз. Өйткені уақыт қателікті кешірмейді, кейін бәрі кеш болады. Осыны ұмытпайық!

Астана қаласы бойынша мектеп, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа қатысты мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны – 248, ал ішкі істер органдарында 138 бала есепте тұр, 156 әлеуметтік жағынан төмен, қолайсыз отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар саны – 327. Сондай-ақ, ағымдағы жылы 68 бала қылмыс жасаған, 2022 жылмен салыстырғанда 30 балаға артық (2022 жылы 38 бала тіркелген)

Қит етсе қол ала жүгірмей, жер-жебіріне жетіп, ұрысып, тілдемей, той тойлап, сауық іздей бермей, бір мезгіл ұл мен қыздың проблемасына бас қаты-

ЖЕКЕМЕНШІК ОҚУ ОРЫНДАРЫ: САҢ МЕН САПА

2022-2023 оқу жылының басында студенттер саны 578,2 мың адамға жетті. Оның 22,1 пайызы мемлекеттік жоғары білім беру ұйымдарында оқыса, 77,2 пайызы жекеменшік ұйымдарда тәлім алады.



Заманға сай жоғары білім ордаларының дамуы жекеменшік инвестициялар тарапынан қаржыландыруды қажет етеді. Себебі нарықтық экономика жағдайында жекеменшік оқу орындарының болуы – қалыпты жағдай. Содан болар, жыл өткен сайын олардың саны қарқынды өсіп келеді. Алайда араларында министрлік үдесінен шыға алмай, лицензиясынан айырылғандары, сапасыз кадр даярлап, «диплом фабрикалары» болып жүргендерінің де бар екені рас. Жалпы жекеменшік білім беру ошақтарының көздеген мақсаты қандай? Сапалы білім бе, әлде табысты бизнес пе?

Индира
БЕРЖАНОВА

Мемлекеттік мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының акционерлік қоғамға айналып, жекеменшікке өтуі кезінде көпшілік арасында үлкен дау туындады. Өйткені мемлекеттік оқу орындарының да жекеменшікке сатылуы мүмкін деген күдік болды. Дегенмен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары сатылмайтынын мәлімдеп, жоғары білімнің беделін түсіріп, диплом саудасымен айналысып жүрген жекеменшік оқу орындарынан біржола құтылуы керекін айтқан еді.

ЖОҒАРЫ БІЛІМНІң БЕДЕЛІ ҚАНДАЙ?

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, Қазақстанда биылғы оқу жылында жұмыс істеп тұрған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мекемелерінің саны – 116. Оның ішінде 105 ұйым магистранттарды, 73 ұйым докторанттарды және 18 ұйым резидентура тыңдаушыларын даярлайды. Жоғары білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың 72,4 пайызы – жекеменшік, 25,9 пайызы – мемлекеттік, 1,7 пайызы – шетелдік меншікте.

Жыл сайын ҰБТ тапсырған соң мектеп түлектері құжатын арқалап, мемлекеттік, оның ішінде ұлттық университеттерге жүгіретіні жасырын емес. Мемлекеттік грант иегерлерінің арасында жекеменшік оқу орындарын таңдайтындар ілуде біреу. Бірақ 10 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттік (IQAA-Ranking) жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, кейбір жекеменшік ЖОО-лардың рейтингі мемлекеттік университеттерден әлдеқайда жоғары. Мәселен, 2022 жылғы қорытындыда «Қазақстанның үздік көпсалалы ЖОО» бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Астана халықаралық университеті кейбір мемлекеттік университеттерден алда тұр. Ал «Қазақстанның үздік гуманитарлық-экономикалық ЖОО ұлттық рейтингі-2022» аталымында жоғары көрсеткіштерді иеленген KIMEP, Esil университеті, AlmaU – үшеуі де жекеменшік ЖОО-лар. Аталмыш тізім түлектердің жұмысқа орналасуы, білім сапасы, оқытушылардың орташа жалақысына қарап бағаланды.

Еліміздегі алғашқы жекеменшік оқу орны – «Туран» университетінің ректоры әрі Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының пре-

оқу орындарына – 10 пайыз, жеке секторға небәрі 8 пайыз тиесілі.

Еліміздің бас қаласы бойынша айтсақ, Астанада жалпы 15 жоғары оқу орны бар. Оның 11-і – жекеменшік. Солардың ішіндегі Мақсұт Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаевтың айтуынша, білім сапасын университет менеджменті шешеді.

ОҚУ АҚЫСЫ ӘРКЕЛКІ

«Жоғары білім дегенде ұлттық, мемлекеттік оқу орындары әрқашан бірінші айтылады. Бірақ оның да өз мәселесі жеткілікті, ал кейбіреулерінің деңгейі жекеменшік ЖОО-лардан қарағанда мез емес. Айталық, көптеген жекеменшік университеттер әлемдегі озық білім ошақтарының үлгілері бойынша сәтті оқытып, білікті мамандарды дайындап шығарып келеді. Неліктен мұндай университеттерді басқа оқу орындарына, соның ішінде мемлекеттік университеттерге үлгі етіп көрсетпесек?! Әрине, мемлекеттік университет қатарында зерттеу институттары бар. Алайда жекеменшік оқу орындарының заманауи инфрақұрылымы, шетелдік тәжірибеге негізделген инновациялық білім бағдарламалары, соңғы үлгідегі озық технологиялары, түлектерге деген жұмыс берушілер тарапынан сұраныстың жоғары болуы оның беделін арттырады» деді ол.

Расында, студенттердің басым бөлігінің жекеменшік ұйымдарда оқып жатқанының бірден-бір себебі жаңашыл кампустар, халықаралық білім беру бағдарламаларының енгізілуінен бөлек, білім алушылар арасында жекеменшік оқу орнының абыройға ие болғаны да бар. 2018 жылдан бастап еліміздегі ЖОО-ларға берілген академиялық еркіндік оқу орындары арасында бәсекелестік тудырып, сапалы білімнің қайда барын көрсетіп келеді. Сәйкесінше, білім беру бағдарламаларында жан-жақтылығымен ерекшеленген білім ошақтарына сұраныс артатыны сөзсіз. Ал сапалы білім бар жерде оқу ақысы сапаға сай болады. Студенттерге грантты мемлекет бөлгенмен, оқу ақысын ЖОО-ның өзі бекітеді. Осы арада университеттер арасында теңсіздік байқалады. Әрине, бір жылдық оқу ақысы 4 миллионнан 8 миллионға дейін жететін жекеменшік университеттер бар. Қымбат оқу орындарына талапкерлердің де сұранысы жоғары. Дегенмен мәселенің екі ұшы бар. Академиялық еркіндікті теріс бағытта пайдаланып, университетті бизнес көзіне айналдырып, диплом саудалап жүрген университеттердің жатақхана салуға, студенттердің жағдайын жасап, шетелдік тәжірибеге жіберуге бейжай қарайтынын айта кету керек. Соның салдарынан елде 16 жоғары оқу орны жабылды. Ал 15-інің жұмысы қайта тексеріледі, қазіргі таңда 5-еуін жабу бойынша сот процесі жүріп жатыр.



Қазақстанда биылғы оқу жылында жұмыс істеп тұрған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мекемелерінің саны – 116. Оның ішінде 105 ұйым магистранттарды, 73 ұйым докторанттарды және 18 ұйым резидентура тыңдаушыларын даярлайды. Еліміздің бас қаласы бойынша айтсақ, Астанада жалпы 15 жоғары оқу орны бар. Оның 11-і – жекеменшік

зиденті, профессор Рахман Алшанов жекеменшік жоғары оқу орындарының ешкімнен қаржы сұрамай, өз бетінше талай білімді маманды даярлап шыққанын, оларға қолдау көрсету керек екенін алға тартты.

– Жеке сектордағы білім ордаларының әлемдік тәжірибеде білім деңгейі жоғары. Мәселен, АҚШ-тың Harvard University, Stanford University, Ұлыбританияның Oxford, Cambridge университеттері – жекеменшік оқу орындары. Елімізде жекеменшік жоғары оқу орындарының беделі артып келеді. Олардың мықтылары да, сапасыздары да бар. Артықшылықтары мен кемшіліктері де байқалады. Мысалы, студенттер саны жыл сайын өсіп жатыр. Олардың жағдайын қамтамасыз ету үшін жаңа кампустар салуға мемлекет бюджеті жетпейді. Тарихы жиырма жылдан асатын ұлттық университеттердің ғимараты тозғанын айту керек. Ал жекеменшік білім ордалары басқа капитал тартатындықтан, бұл мәселені тез шешеді, – деді Р.Алшанов.

Оның айтуынша, жоғары оқу орындарын жеке не мемлекеттік деп бөлуге болмайды. Алайда бұл үрдіс елімізде жалғасуда. Мысалы, гранттарды бөлу туралы айтатын болсақ, онда мемлекеттік жоғары

P.S: *Рейтинг басында жекеменшік білім ошақтарының көптеп орналасуы, олардың бірқатарының мемлекеттік білім беру ұйымдарынан алда болуы жоғары білім саласында айырмашылықтар барын көрсетеді. Десе де рейтинг білім сапасының көрсеткіші емес. Сапалы білім университеті бірінші кезекте коммерциялық емес, әлеумет алдындағы жауапкершілігі бар ұйым ретінде көретін орындарда болады.*

ҮЙРЕНЕТІН ҮРДІС

ҮНЕМДЕП ТЕ ҰТУҒА БОЛАДЫ

Әу бастан «судың да сұрауы бар» деп түйіндеген халқымыз су тапшылығын тартатын сияқты. Сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауыз суға зәру. Бұл мәселе қала халқы үшін де өте өзекті.

Айгүл
УАИС



«Ірі шаһарлардың инфрақұрылымы жылдан-жылға артып келе жатқан сұранысқа жауап бере алмай отыр. Тіпті Астананың өзінде су тапшылығы қатты сезіле бастады. Басты себептің бірі – құрылыстың көбеюі. Үнемшіл болмасақ, таза су беретін жаңа нысандарды іске қосқанмен, тапшылықты жоя алмаймыз» деді Үкіметтегі кеңесте Президент.

Ауыз судың сарқылуынан туындаған дағдарыс жер шарында халық санының өсуімен байланысты. Жаһандық жылынуға байланысты топырақ кеберсіп, ауа құрғап, жауын-шашын сіркіреп қана жауып, жер жүзі шөлдей бастады. Қалалар қарқынды дамып, халықтың кенттенуімен қатар келген ысырапшылық үдерісті арттыра түсті. Дегенмен суды үнемдеу арқылы тұщы суды сақтап, болашақ ұрпақтың үлесін сарқымай, өзімізден артылдыруға болады екен.

Елордалықтар тұтыған суына белгіленген тариф бойынша төлесе, кейбір елдерде арнайы шектелген судың көлемінен асырмай, өте үнемшіл тұтынушыларға арналған тариф нәтижелі көрсеткішке қол жеткізетінін дәлелдеді.

Әңгіме ауыз суға қатысты болғаннан кейін, ысырапшылыққа жол бермей, үнемдегеннен ұтып отырған елдердің тәжірибесіне үңілейік. Барлық елдерде суды бірдей пайдаланбайды. Соған қарай бір адамның тәулігіне қолданылатын су көлемі де әр елде әрқалай. Ересек адам тәулігіне орташа есеппен 150-200 л су жұмсайды екен. Егер адам ваннасы бар пәтерде тұрмаса, бір адамға тәуліктік тұтыну 125-тен 160 литрге дейін, ал адам ваннада шомылуды жақсы көрсе 160-тан 230 литрге дейін өзгереді. Бұл да соңғы көрсеткіш емес, егер ыстық су жалпы жүйеден берілсе, бір адамға орташа тәуліктік тұтыну 230-250 литрді құрайды деп есептепті. Бірақ бұл нақты мөлшер емес, ірі қалаларда бұл көрсеткіш тым шарықтап кетеді. Мысалы, Еуропа, АҚШ, Жапония сияқты өндірісі дамыған елдерде бір күнде 300-400 л жұмсалды. Ресейліктер орташа есеппен тәулігіне 180-200 литр су, беларустар 140 литр қолданады. Кез алдымызға елестетер болсақ, 150 литр су – ернеуіне дейін толған екі ваннаның мөлшері.

Су тапшылығы табиғи факторларға қатысты қалыптасқан елдерді санамағанның өзінде (мысалы, конголықтар 34 литр су пайдаланады), үнемдеу бойынша Сингапурды көп мақтайды. Суды сырттан сатып ішетін Сингапур соңғы жиырма шақты жылдың көлемінде жаңаша қадам жасады. Алғаш рет су үнемдеудің үлгісін көрсетіп, бұл елдің халқы суды үнемдеуден пайда таба бастады. Егер күніне тұтынып судың көлемін белгілі мөлшерден асырмаса, онда жеңілдетілген тарифпен ақысын төлейді. Еуропалықтар жаңа бастаманы іліп әкетіп, Еуропалық Одақ елдері ішінде 10 мемлекет күніне бір адам 130 литрден 100 литрге дейін су пайдалану дәрежесіне жетті.

Ірі қаланың бірі Берлиннің халық

Еуропалық Одақ елдері ішінен 10 мемлекет күніне бір адам 130 литрден 100 литрге дейін су пайдалану дәрежесіне жетті. Ал бізде екі еседен астам

саны – 3,5 млн. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, 1961 жылы Берлин қабырғасы салынғаннан кейін, шамамен 40 жыл бойы батыс жағындағылар тек өз аумағында орналасқан су ресурсына қанағат етуге мәжбүр болған. Нәтижесінде Батыс Берлин бірінші болып суды қайта пайдалану жүйесін және Сингапурдағыдай жабық су айналымын енгізді. Қаланың социалистік бөлігінде, Шығыс Берлинде су шектеусіз және ағыл-тегіл ағып жатса да, тарифтің көтерілуі арқасында тұрмыстық суды тұтыну айтарлықтай төмендеді – 200 литрден (шығыста) және 156 литрден (батыста) бүгінде немістер тәулігіне 113 литрге дейін ғана қолданады.

Копенгагенде 1,3 млн адам тұрады. 1960 жылдары табиғи су көздерінің ластануына байланысты тұщы судың қадіріне жетіп, су үнемдеудің тәсілін енгізіп, «Максималды мөлшері – 100» атты компания ұйымдастырды. Нәтижесінде әр адам тәулігіне тек 100 литр ғана су қолданатын жағдайға жетті. Одан бері де жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті. Бұл елдің үлгісі басқаларға өнеге болатын жағдайға жеткен.

Испанияның солтүстік-шығысындағы, құрғақ аймақта орналасқан 650 мың тұрғыны бар Сарагоса су тапшылығымен бұрыннан күресіп келеді. 1990 жылдардағы апатты құрғақшылықтан кейін, 15 жыл ішінде тұрғындар, мектептер, мемлекеттік басқару органдары, шағын кәсіпорындар мен кәсіпорындар арасында кең көлемді су үнемдеу бағдарламасы іске қосылды. Суды шектен тыс пайдаланғаны үшін айыппұл салудың тарифі жүйесі енгізілді. Қала тұрғындарының алдында 1 миллиард литр суды үнемдеу міндеті тұрғанда, тұрғындар бірінші жылы іске асыру жоспарын артығымен орындап, жыл сайынғы тұрмыстық су тұтынуының 5 пайыздан астамын үнемдеді. 1997 жылдан бастап Сарагосадағы тұрмыстық суды тұтыну бір адамға тәулігіне 150 литрден бүгінгі 90 литрге дейін төмендеді.

Жоғарыда айтылғандардан шығатыны, тарифтер – пайдаланушылар үшін су құнының маңызды бөлігі. Олар оның тапшылығына назар аударып, суды үнемдеу шараларын ынталандырады. Дегенмен баға саясаты басқа шаралармен: су ресурстарын қорғау, инфрақұрылымға инвестиция салу, адамдарды бірлесіп жұмыс істеу, суды үнемдеу шаралары туралы хабардар ету және осы процестерге қауымдастықтарды тарту сияқты шаралармен үйлескенде жақсы жұмыс істейді.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АСТАНАДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ?

«Біздің басты байлығымыз – адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы сайлаудағы жеңісінен кейін халық алдында сөйлеген сөзінде. Сол сөзін іс жүзінде дәлелдеуге биліктің үш бұтағын, құллі қоғамды жұмылдырды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін сәл шегініс жасайық. Бүкіл әлемді есенгіреткен індеттен енді-енді есімізді жиып жатқанымызға қарамастан, 2021 жылы мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін толық орындады. Сол жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына қарай берілетін зейнетақы көлемі 7 пайызға, базалық зейнетақының және мемлекеттік жәрдемақының көлемі 5 пайызға өсті. Ұзын-саны 670 мыңға жететін әлеуметтік сала жұмысшыларының жалақысы кезек-кезеңмен ұлғайды: соның ішінде білім беру саласы қызметкерлерінің – 25 пайызға, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің – 30 пайызға, әлеуметтік қамтамасыз ету саласы қызметкерлерінің 50 пайызға көбейді. Халықты жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасы 1 млн 300 мың адамды қамтыды. Соның нәтижесінде елдегі жұмыссыздық деңгейі 5-тен 4,9 пайызға кеміді.

2021 жылы 12 қазанда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарының әлеуметтік жағынан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Осы заңға сәйкес, өмірімізге мынадай өзгерістер енгізілді: I топтағы мүгедектігі бар адамдарды күтіп-бағуға және алып жүруге қатысты бірыңғай жәрдемақы енгізілді; алатын жәрдемақысының ұлғаюына байланысты балаларды 7 жастан бастап топтарға бөлу; мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша бір жолғы жәрдемақы алу; мүгедек балаларды асырап отырған отбасылардың баспана алуға кезегін сақтау және тағы басқалар. Сайып келгенде, заңның көмегімен I топтағы мүгедектігі бар адамдарды күтіп-бағып отырған 15,1 мың адам жәрдемақысын алды. 52,7 мың бала мүгедектігі бойынша топтарға бөлінді. 2,8 мың адам мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша бір жолғы жәрдемақысына қол жеткізді. Әлеуметтік саладағы әділеттілік қадамдары осылай жалғасты.

Бір қуанарлығы, әлеуметтік салада еңбек ететіндерге көрсетілетін мемлекеттік қызметтер рәсімі цифрлы форматқа көшірілді. Соның дәлелі: қызмет түрлерінің 92 пайызы цифрландырылды, 45 мемлекеттік қызмет түрінің 41-і электронды үлгіге ауысып, 21-і жедел көрсетілетін қызмет түріне көшті. Мысалы, Астанада мүгедектігін анықтайтын дәрігерлік сараптаманы, некеге тұру туралы куәлігін, баспана алуға өтінішті, еңбек шартын жасауға және әскерден қалу құжатын онлайн тәртіппен жібере аласыз.

Электронды еңбек биржасының порталдарында халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызмет түрлері қолжетімді бола бастады. Тіпті



ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМАЛАР: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Тәуелсіз Қазақстан әлеуметтік әділеттілік жолын таңдады. Өткен жылғы Президент сайлауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Әділетті мемлекет – әділетті экономика – әділетті қоғам» атты бір-бірімен өзара байланысты үш қағидат негізіндегі жаңа мемлекеттік саясатқа көштік. Алайда бұл саясат соңғы үш жылда табысты іске асырылып келе жатқанына бәріміз куәміз. Қазір еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірінде жүйелі реформалар рет-ретімен жүргізіліп жатыр. Соның ішінде соңғы үш жылдағы әлеуметтік саладағы түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларға талдамалы шолу жасап көрейік.

қазақстандықтар «Шекарасыз жұмыс іздеу» атты жобаның шеңберінде елімізден ғана емес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінен жұмыс іздеу, маман шақыру сияқты мүмкіндіктерге ие болды. Алуан түрлі кәсіби бағыттар бойынша оқытатын, тәжірибе жинақтауға жәрдемдесетін онлайн-курстар ашылды. Мұның бәрі әлеуметтік жағынан ахуалы төмен топтардың өкілдеріне де, кәсіпкерлерге де мол мүмкіндіктің жолын ашты.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ҚАЛАЙ ӘЗІРЛЕНДІ?

2022 жыл еліміздің тарихында Қаңтар қасіретімен есте қалды. Соған қарамастан, мемлекет халықтың алдындағы барлық міндеттемелерін дер кезінде орындады. 4,3 млн-нан астам қазақстандыққа жалпы құны 4,4 трлн теңгеге зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдер төленді. Еліміздегі 1,3 млн отбасы мемлекеттен кепілдендірілген көмек түріндегі қолдауға ие болды. Қаңтардағы оқиғалардан зардап шеккен кәсіпкерлер де, көліктері өртенген қарапайым азаматтар да өтемақы алды. 2022 жылы Үкімет республикалық бюджеттен және Әлеуметтік сақтандыру қорынан балалары бар отбасыларды қолдауға 926,6 млрд теңге жұмсады. Бір отбасына 20 мыңнан 800 мың теңгеге дейінгі көлемде қаражат төленді. 700 мыңнан астам өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға мемлекет арнаулы әлеуметтік көмек есебінде 70 млрд теңге жұмсады.

Сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің жалақысын кезек-кезеңмен өсіру үрдісі одан әрі жалғасты. 1,2 млн

БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ



БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН 1 ЖЫЛДАН 1,5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУ
Бұл норманы 500 мыңға дейінгі ата-ана пайдаланады



ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ДЕНГЕЙІНДЕ ЖҮРГІЗІЛДІ

Бала күтімін атқаратын ата-ана еңбек қызметін қайта бастаса, төлемдер бюджеттен төленетін жәрдемақыға сәйкес келеді



КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ

Бұл өзгеріс «наградталған аналар» санатына кіретін 90 мың адамды қамтиды



КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТТІ МОНЕТИЗАЦИЯЛАУ

1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға ұсынылатын кепілдендірілген әлеуметтік пакет заттай көмектен монетизацияланған көмек түріне ауыстырылады

азаматтық қызметшілердің еңбекақысының өсімі орташа есеппен 20-дан 30 пайызға дейін ұлғайды әрі алдағы 4 жылда оның көлемі екі есе өседі. Бұдан бөлек, ынтымақты зейнетақы мөлшері екі мәрте индексацияланды. Зейнетақының орташа көлемі шамамен 109 мың теңгеге құрайды. Сол жылы республикалық бюджеттен 2,2 млн зейнеткердің зейнетақы төлемдеріне 2,9 трлн теңге жұмсалды. Жалпы алғанда, 2022 жылы Қазақстанда 921 мың адам жұмысқа орналасса, соның ішінде 77 пайыздан астамы тұрақты жұмыс орнын тапты. Электронды еңбек биржасының жұмысы қарқын алды. Өткен жылдың үш айында 11 мың адам осы биржаның көмегімен жұмысқа орналасты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік кодексстің жобасын әзірлеп, оны Парламентте таныстырды.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ 6 БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?

Әлеуметтік кодекс, негізінен, мынадай 6 бағыттан тұрады: отбасының цифрлы картасын енгізу, жұмыспен қамтудың жаңа саясаты, жаңа көші-қон саясаты, балалы отбасыларға қолдау көрсету іс-шаралары, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту, зейнетақы төлемдерін арттыру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қанатқақты режимде отбасының цифрлы картасы енгізілді. Бұл – әлеуметтік мәртебесіне сәйкес, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқығы туралы халыққа күн сайын ақпарат беретін «электронды хабарлаушы». Яғни мемлекет кез келген азаматқа ақпараттық жүйе арқылы тиісті органдарға жүгінбей-ақ қандай да бір әлеуметтік көмек түрін өзі ұсынады. Өтініш беруші формадан анықтаушы формаға ауысу деген сөз.

Бұл тәсіл қалай жұмыс істейді? Біріншіден, мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің дерегі негізінде отба-

сылардың әл-ауқаты деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау іс-шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізілді. Бүгінге дейін цифрлы картада шамамен 6 млн отбасы және оның 19 млн мүшесі туралы деректер қамтылып, «отбасының портреті» қалыптасты. Картадағы деректер отбасы және оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңарып отырады. Мемлекеттік қолдау іс-шаралары алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін азаматтарға СМС-хабарлама жіберіледі. Келісім алғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері тағайындалып, кейінірек алушының банкеттегі шотына аударылады (бұл жобаның қандай кезеңдерде іске асырылатыны инфографикада көрсетілген).

Енді осылардың ішіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту мен зейнетақы төлемдерін арттыруға жеке-жеке тоқталайық. Арнаулы әлеуметтік қызметтер – бұл әр адамның жеке қажеттілігіне негізделген қызметтер. Мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға логопед қызметі, мектепке көбеюіне байланысты халықтың үйде оқуы, жүрегіне ота жасалған азаматтардың медициналық оңалту, жүріп-тұруы қиын адамдарға арба беру және тағы басқалар. Соңғы жылдары елімізде егде жастағы адамдар (2 млн-нан асады) мен мүгедек адамдар (700 мың) санының көбеюіне байланысты халықтың бұл қызметке қажеттілігі артты. Бұл саладағы ең маңызды өзгерістер мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің проактивті форматына көшу. Бұл үшін арнаулы мемлекеттік қызметтерге мұқтаж азаматтардың

бірыңғай әлеуметтік тіркелімі құрылады. Соның базасында қажеттілік карталары жасалады, азаматтардың өтінішін күтпей-ақ проактивті форматта қызметтер көрсетіледі. Негізінен, бұл бағыт 700 мыңнан астам мүгедектігі бар адамдарға арналған.

2. Мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге жұмыссыз жүрген отбасы мүшелерін тарту. Жақын адамдар мен үйреншікті ортадағы қолдау оңалтудың ең тиімді түрі екенін тәжірибе дәлелдеді. Осыған орай, жұмыссыз отбасы мүшелеріне жеке көмекші болуға немесе арнаулы қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету үшін «Күміс жас» жобасына қатысуға мүмкіндік беріледі. Жыл сайын бұл жобаға кем дегенде 15 мың адам тартылады. Олардың еңбегіне ақы төленеді, әлеуметтік аударымдар жүргізіледі, жұмыс кезеңі зейнетақы тағайындау кезіндегі еңбек өтілі болып есептеледі. Тек қатысушыларға тиісті дағдыларының, біліктілігінің және икемінің болуына талап қойылады.

3. Интернат-үйлерді трансформациялау. Қазір елімізде 20 ірі интернат-үйлер мұқтаж жандарға қызмет көрсетеді. Әлеуметтік кодекс жобасында жазылғандай, осы интернат-үйлер әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған ғылыми-әдістемелік орталықтарға айналады.

Бұған қоса, әлеуметтік қызмет жүйесіне жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу, әлеуметтік қызмет порталы жөніндегі комиссия құру, әлеуметтік қызметтерді таңдау, әлеуметтік сараптаманы жаңарту сияқты бағыттар бар.

Әлеуметтік реформалардың ең маңыздысы – Қазақстанда зейнетақы төлемдерін арттыру. Қазіргі кезде елімізде 2,2 млн-нан астам зейнеткер бар. Соның ішінде бірінші санаты – 1998 жылға дейін зейнетке шыққан, базалық және ынтымақты зейнетақы алатын 365 мың адам. Екінші санаты – 1998 жылдан кейін зейнет жасына жеткен 1,9 млн адам. Олар базалық және ынтымақты зейнетақыны бюджеттен, жинақтаушы зейнетақыны БЖЗҚ-дан алады. Бірінші санаттағылардың толық еңбек өтілі бар және олардың зейнетақысының орташа мөлшері 125 мың теңгеден асады. Екінші санаттағылардың зейнетақы мөлшері бірінші топтан төмен. Себебі бүгінде зейнет жасына жеткен жандардың 40 пайызға жуығында толық еңбек өтілі жоқ. Алдағы жылдары зейнеткерлердің саны өсіп, оларға жұмсалатын шығындар да көбейетін сөзсіз. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бағытындағы жаңа іс-шаралар топтамасын ұсынды. Соның бірі – 2023 жылдан бастап иелдердің зейнеткерлік жасын жоспар бойынша арттыруды 61 жас деңгейінде 5 жылға дейін тоқтату. Екіншіден, Президенттің тапсырмасы бойынша мынадай жүйелі, тиімді іс-шаралар жүзеге асырылады: 2023 жылдың I қаңтарынан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан 70 пайызына дейін, ең жоғарғысын – тиісінше 100 пайыздан 120 пайызға дейін кезек-кезеңмен жеткізу көзделген. Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51 пайызға ұлғаяды. Бір ретте базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсуі 13 пайызға құрап, барлық 2,2 млн зейнеткерді қамтиды. 2023 жылдың I қаңтарынан бастап ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғары табыс көлемін енді зейнеткер атанғандар үшін 46 АЕК-тен 55 АЕК-ке дейін көбейту көзделген. Осы іс-шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27 пайызға өсіруге мүмкіндік береді.

Биыл әлеуметтік реформалар сандық өлшемінен сапалық өлшемеге көшумен басталды. Үкімет 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-еңбек саласындағы стратегиялық өзгерістердің бес жылдық жоспарын бекітіп, бағдарын нақтылап алды. Негізінен, бес бағыт та маңызды, қажетті, нәтижелі десек қателеспейміз. Әлеуметтік кодекске «наградталған аналар» деген ұғым енгізілді. Заңдық құжат қабылданған соң, «Алтын алқа», I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденінің иегері, «Батыр ана» атағы бар, яғни 7 және одан көп бала туып, өсірген аналардың жәрдемақысының мөлшері 7,4 АЕК-ке дейін көбейеді. Бұл өзгеріс наградталған 90 мыңға жуық ананы қамтиды.

P.S: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл реформаларының нәтижесінде әлеуметтік қорғау саласы жаңарып-түлеп, әділеттілік қағидаттарымен жұмыс істейтін, адам капиталын қарқынды дамытатын қуатты қозғалтқышқа айналары сөзсіз.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ 6 БАҒЫТЫ:

- 1 отбасының цифрлы картасын енгізу;
- 2 жұмыспен қамтудың жаңа саясаты;
- 3 жаңа көші-қон саясаты;
- 4 балалы отбасыларға қолдау көрсету іс-шаралары;
- 5 арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту;
- 6 зейнетақы төлемдерін арттыру;

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ КЕЗЕҢІ:

- 1 2022 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕН БАСТАП жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет ұсынылды
- 2 2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілді
- 3 2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі
- 4 2025 ЖЫЛДАН БАСТАП мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрі қамтылады

№97 (4500) 08/06/2023 Бейсенбі

Ақмоланың жұлдызды сәтінде көкте көк байрақ желбіреп, Са-рыарқа төсінде қазақтың әнұраны шарықтады. Бұл егеменді ел тарихының жарқын сәтінің бірі болды. Астананың іргесін қалауға сөзімен де, ықыласымен де үлес қоса білген бірқатар азамат болашаққа сенім артты.

Танымал тұлғаларды туған жерімен байланыстырып, бағалап жатамыз. Бұл – заңдылық. Адамзат тіршілікте бірін-бірі қолдап, түсіне біліп, жарты сөзден ұғысып жатса, бір ғанибет!

Ендеше аразында, көпшіліктің көңіл төрінде құрметке ие болып жүрген, сөйлесе кетсең жаның жадырап сала беретін аяулы жан туралы айту – мақтаншыл. Ол – есімі елге таныс астана тұрғыны, сырлы сөзден тау тұрғызыған, салықалы ойларынан даналық пікірлері сәуле шашып тұратын қазақ әйелі, танымал журналист, қаламы қарымды қаламгер, көптеген сүбелі еңбектің авторы – Ғалия Құсайынқызы Балтабай.

Ғалия Құсайынқызын сөз зергері деу орынды болар. Оның сөз әлемі лабораториясында, зерделік зертханасында қатар түзген еңбектерін парақтай алған адам менің ойларыммен даусыз келісері анық.

Болмысы ерек, күлімдеген көзі мейірімге толы, томпақ жүзді, өзіне жараса кететін қимылымен, бейтаныс адамды өзіне жақын тарта білетін көпшіл, бауырмал, Астана қаласы тұрғындарына, әсіресе зиялы ұрпақ, зерделі жастар арасынан жиі табылатын қаламгер, мақала кейіпкері – Ғалия Балтабай.

Ғалия Құсайынқызы – озық ойларымен еліміздің қандай да саяси реформаларынан алыс емес, рухани жаңашылдықта да алғы шепте жүретін, жаны жаңалыққа құштар қаламгер ұлтқа қызмет еткен талай тұлғалардың атқарған қызметі мен өнегелі өмір жолын мерзімді басшылардан мазмұнды туындылары жарық көрген қаламгер.

Ғалия Құсайынқызы – үлкен жүректі ана, ол айналасына алаңдай жүріп, қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамайды. Оған себеп, ол – еңбекпен есейген, бала күнінен тіршілік тауқыметінің дәмін тата білген адам. Әкесінен ерте қалып, анасының жанына жалау болып, қолдау жасай білген кішкентай ғана сары қыз – бүгінде елге танымал білікті журналист, айтулы мерейтойдың, кемел жастың ақылман қария жасына келген үлкен жүректі тұлға.

Өткенге көз жүгіртіп, тұлғаның атқарған игі істерін саралайтын болсақ, 1921 жылы 1 қазан күні алғаш рет әуе толқынында хабар таратқан Қазақ радиосының ардагері. Ғалия Құсайынқызы – Кереку тумасы. 1948 жылдың 1 маусымында Павлодар облысының Жезқазған ауданындағы қазіргі Аққайың ауылында дүниеге келген. Балалық шағы бақытты балалар сияқты алаңсыз ойын баласы болды деп айта алмаймыз. Әкеден ерте қалып, анасының жанына жалау, көмекші болған. Қатары ойнап жүргенде, бала бүлдіршін Ғалия белі бүгіліп су тасып, ығы майысып отын тасып, аяулы



ҰЛЫ КӨШТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШЫ

Өткеннің бәрі – тарих тағылымы, атқарған істің игісі жадында қалады. 1997 жыл, күз мезгілінің соңғы айының 8-і күні Алматыдан Ақмолаға Қазақстанның рәміздерін жеткізген салтанатқа қатысқан журналист Ғалия Балтабай үлкен репортаж дайындады.

анасының жанынан табылған. Сондай жағдайда жұрсе-дағы табиғатынан зерек, зейінді Ғалия Құсайынқызы табиғатында мақсатшыл, зейінді болды. Есейді, арманшыл болып бойжетті. Үлкен арманына қол жеткізді.

Негізгі маңызығы – телерадио журналисі. Ұлттық журналистиканы ардагері атанып, зейнетке шықса да, Астана қаласы әкімдігі Ардагерлер кеңесінің белді мүшесі, медиатоптың білікті журналисі. Көп құрметіне бөлінген тұлға. Жаңалық жаршысы. Қоғамда, яғни Жаңа Қазақстанда халық игілігіне арналып жатқан айналадағы әрбір игілікке толы іс-шараларға балаша қуанып, тәуелсіз қазақ елінің болашағына сенімен қарайды.

Кемел жасқа келген ардақты ана, ардагер қаламгер Ғалия Құсайынқызы 1966 жылы Ертіс ауданындағы №2 қазақ мектебін тәмамдап, қалаған мамандығы бойынша Алматы қаласы ел-Фараби атындағы университеттің журналистика факультетінің түлегі атаңды. Айтулы оқу орнын 1972 жылы бітіріп, алғашқы еңбек жолын 1966 жылы Аққайың мектебінде бастаған, 1967 жылдың мамыр айында республикалық Қазақ радиосына қызметке орналасады. Қазақ радиосының дирекциясында, әлеуметтік зерттеу бөлімінде, Шалқар редакциясында редактор болады, ал 1983 жылы Павлодар телерадиокомитетіне ауысады. 1987-1997 жылдар аралығында республикалық Қазақ радиосының Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі қызметіне тағайындалып, сонымен бірге, Павлодар облыстық телеарнасының қазақ тіліндегі жаңалықтар редакциясын басқарады.

Ғалия Балтабайдың сын хабарларының нәтижесінде Павлодарда Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ театры, облыстық балалар ауруханасы, Екібастұзда қазақ мектептері мен балабақшалар ашылады. 20-дан астам соғыс мүгедегі мен ардагерлері, тұрмысы төмен адамдарға тұрғын үй

алуға телерадио хабарлары арқылы атсалысып, баспана алып береді. Осындай елжандылық қасиет екі азаматтың бірінің қолынан келсе, екіншісі атқара алмауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан сұхбат алған. Оның Елбасына қойған: «Қазақстанда Құрбан айт қашан мереке болатын тойланады?» деген сұрағынан кейін елімізде Құрбан айт мереке болып аталды. Осындай ұлттық құндылықтарды дәріптей жүріп, ол лауазымды қызметті де абыроймен атқара білді. Уақытпен санаспай, тыным таппай жүріп, білімі мен ұйымдастыру қабілетін көре білген атқарушы орган басшылары 2001-2008 жылдары Павлодар облыстық радиосына директор қызметіне тағайындалды. Ол республикалық конкурс-тендерлерден өтіп, Павлодар радиосын FM жиілігіне шығарады. Сөйтіп туған жерінде радионы сақтап қалған. Бұл республикадағы жалғыз қалған облыстық радио екенін мақтаншыпен айтуымыз керек. Осы қызметте



Ғалия Балтабайдың бойындағы болмыс-бітімі ол атқарған айтулы еңбектерінің салмағымен бағалы. Айталық, оқырманның ой-танымының дамуына сіңірген еңбегінің жемісті нәтижесі Астананың Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 65 жыл толуына орай сол кездегі елорда әкімі тапсырмасы бойынша «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа ұлағат» атты елеулі еңбек болды

жазған. Астанада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Мөлдір Оразалы «Ғалия Құсайынқызы Балтабай – радиожурналист» деген тақырыпта дипломдық жұмыс жазған. Бұл қаламгердің бар болмысы мен кәсіби біліктілігі жан-жақты қарастырылған ғылыми жұмыс болды.

Атап айтуға лайықты еңбегі – «Қазақ радиосы – халық үні» атты кітабы. Бұл көлемді еңбек – Қазақ радиосында қызмет кеткен ардагер тілшілер мен кейінгі радиотілшілердің арасына алтын көпір салған айтулы еңбек.

Ғалия Балтабайдың бойындағы болмыс-бітімі ол атқарған айтулы еңбектерінің салмағымен бағалы. Айталық, оқырманның ой-танымының дамуына

сіңірген еңбегінің жемісті нәтижесі Астананың Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 65 жыл толуына орай сол кездегі елорда әкімі тапсырмасы бойынша «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа ұлағат» атты елеулі еңбек болды.

Одан бері де аталмыш айтулы оқиғаның, яғни Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс ешқашан ұмыттымайды» үлкен ақпараттық жинақ Алтай Көлгіновтің тапсырмасымен көлемді кітап болып жарық көрді. Бұл бағалы еңбек Ардагерлер кеңесі көмегімен және Раиса Ағыбаеваның аудармасы арқылы екі тілде тарихи-ақпараттық құнды еңбек ретінде оқырманға жол тартты.

Ал Ғ.Балтабай Қазақ радиосында бірнеше жыл комментатор бола жүріп, жұма сайын «Астана және астаналықтар» атты жарты сағаттық ақпараттық хабар дайындады. Бұл жаңа астананың бет-бейнесін ашықстап, даму жолына түскен жас шаһардың тынысынан күнделікті маңызды хабарлама болды. Сонымен қатар талантты өнер адамдары туралы «Өмірім – өнерім» әдеби-музыкалық хабарды жұртшылық сүйсіне тыңдайтын және асыға күтетін. Бұл да Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Басқа да тұшымды ой, салықалы пікір қосатын Парламентте хабар дайындады.

Қазіргі таңда Ғалия Құсайынқызы Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобы төрағасының орынбасары, «Астана ақшамы» республикалық қоғамдық-саяси газетінің штаттан тыс тілшісі.

Ендеше жан жүрегі ізгілікке толы аразыдағы осындай қайраткердің кемел жасқа келген мерейтойы қарсаңында тек мықты денсаулық, қасырға жуық ғұмыр, бақытты, баянды өмір тілейміз!

Маржан ПИРМБЕТОВА,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

БАЛАЛАР НЕ ОҚЫП ЖҮР?

«Жақсы кітап – жан азығы». Жақсы газет-журналды оқу да баланың ой-өрісін кеңейте түседі, болашағына бағдар береді.

Ғаламтор жайлаған уақытта балалардың оқуға деген ықыласы кемігені рас. Бірақ тұлғалық өсуге талпынған жеткіншектер де аразыдан көптеп табылады. «Неге жас жеткіншек оқуға қызықпайды, неге газет-журнал оқымайды, әлде балалардың «тіліне жеңіл, жүрегіне жылы тиетін» дүниелер жазылмай жатыр ма?» деген сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Әуелі өзіміз танитын адамдардың балаларымен сөйлескен едік.

– **Әділ, каникулға шыққанда кітап, газет-журнал оқисың ба?**

– *Ата-анам балаларға арналған газет-журналдарды жылда жаздырып алады. «Ұлан» мен «Ақ-желкен» – жақсы көретін басшыларым.*

– **Достарың оқи ма?**

– *Жоқ. Олар кітапханаға сирек барады, журналдарды арасында менен көріп, оқытқыны бар. Одан гөрі интернетте отырғанды ұнатады. Біздің үйде кітап көп, сондықтан ата-анам оқыған соң мен де қолым тигенде оқимын.*

Шынында да, қоғамдық орындарда қолына кітап,

сұранысына ие газет-журналдар жетерлік.

– Мектеп бағдарламасынан бөлек, бала жасаталынан жеткіншекте, еліне деген сүйіспеншілігін арттыруды үйрену керек. Себебі мемлекет – сол жастардың көңілінде. Ол үшін бала жас аралығы бойынша газет-журналдарға көз жүгіртіп, тіпті күнделікті оқып отыру керек. Өкінішке қарай, бала бүлдіршін кезеңнен өтіп, жасөспірім болған уақытында газет-журналдарға қызығушылығы артқанда олардың аз екенін түсінеді. Елімізде газет-журнал, кітап саны да жасөспірімдер үшін жеткілікті. Болашақта бала мемлекеттік қызметкер болғысы келсе, онда, әрине, дұрыс сөйлеп, рухани өсуі, сұхбаттаса алуы шарт. Осы жайтта газет-журналдың алатын орны өте ауқымды. Газет-журнал оқудың ең үлкен пайдасы – сен қоғамды танысың. Қазіргі ақпараттар ағыны заманында бір ақпараттық жиындып, бақылап, есте сақтау мүмкін емес, ал газет олардың жиынтығы, – дейді кітапхана басшысы.



газет ұстаған баланы қазір сирек көресіз. Оқу жылының соңғы күндерінде Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға соғып, балалар бөлімін аралаған едік. Онда балалар көбіне ата-анасымен келеді екен. Ішінде кітап оқу үшін балаға арналған балалар үшін Зира Наурызбаеваның «Батырхан» клубы, Рүстем Сауытпайдың фан-клубы бар.

Кітапханада Халықаралық балалар күніне орай «Балдәурен» мерекелік іс-шарасы өтті. Аталмыш шараға балалар жазушылары, режиссерлер, театр әртістері, өнерлі балалар, ұстаздар, оқушылар қатысты.

Бүгін балалар әдебиетін оқымаған, газет-журналдардың бетін ашпаған жеткіншектер ертең қалай ел басқарып, мемлекеттің тізгінін ұстамақ, елдің келешегіне қалай қызмет етпек? Мені осы алаңдатады.

– Бұрынғыға қарағанда қазір балалар газет-журналдарды көбірек оқиды, – деді Ғ.Нұрғалиева. Тіпті кітапханадағы балалар секторында балалар саны күннен-күнге артуда, олардың журналдарға қызығушылығы бар. Қазіргі уақытта балдырғандардың

Гаяһар АМАНГЕЛДІ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ



МҰСТАФАНЫҢ МҰРАТЫ МЕН МҰРАСЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Астана қаласының көптеген білім ордасына саяси қайраткерлердің есімі берілді. Солардың қатарында №51 мектеп-гимназиясы да бар. 2021 жылы 8 қазанда бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған Мұстафа Шоқайдың есімі берілуіне байланысты мектеп директоры Данара Мейрамбекқызының бастамасымен тарихи-танымдық музей ашылды.

Мұражайда 6 бөлім бар. Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткерлігі, Грузияға сапары, эмиграциядағы кезі, оның энциклопедиялық ғалым ретінде тұлғасы, тәуелсіздік идеялары, еңбектері туралы құнды мәліметтер жинақталған. Мұражай кіреберісіндегі «Мұстафа, Отанға деген сағыныш» қабырға композициясы көзге бірден түседі. Суретте ұлт зиялысы армандаған қазақтың кең даласы, өзінің туған жері Қызылорданың табиғатын тамашалап жүрген Мұстафа бейнеленсе, жоғарғы бөлігінде тұлғаның өмір сүрген кезеңдеріндегі маңызды оқиғалар қартаға түсірілген.

«Қазір музей қорына 500-ден астам жәдігер жинақталды. Оның ішінде Мұстафа Шоқайдың әр жылдардағы құжаттарының көшірмелері, көрнекті қайраткердің өмірінен алынған фактілер және зайыбы Мария Яковлевнаның өз қолымен Сорбонна университетінің кітапхана қорына берілген құнды жәдігерлері бар. Мұстафа Шоқайдың әр жылдардағы мұрағат мұрасынан алынған құжаттарының көшірмелерін бізге Астана қаласы мемлекеттік мұрағаты ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Ғазиза Исхан тапсырды. Осы жерде Ғазиза Исханнаның 2001 жылы Қазақстан Республикасының бұрынғы Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетовтің тікелей қатысуымен және қолдауымен Париж қаласына барып, Мұстафа Шоқайдың музейдегі құжаттар көшірмесінің бірқатарын елге әкелгенін (ақылы түрде) атап айтқанымыз жөн. Сонымен қатар музейде түрлі дереккөзден, тіпті бұрын жарияланбаған отбасы альбомынан алынған Мұстафа Шоқайдың фотосуреттері бар шағын фотогалерея бар. Кейбір

фотосуреттерге QR-код енгіздік. Сол арқылы танымдық орынға келген қонақтар штрих-код арқылы Мұстафа Шоқайдың түркі халықтарына арнап радиода сөйлеген сөзінің жазбасын, сондай-ақ Мария Шоқайдың орындауындағы опера әнін тыңдауға мүмкіндік алады. Музейге келушілер көбінесе осы QR-кодты пайдаланғанды ұнатады» дейді музей меңгерушісі Салтанат Нұрлыбекқызы.

Музейде Мұстафа Шоқайдың құнды жәдігерлері мен құжаттары сақталған. Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетіне студент қатарына қабылдауды сұрап, редактордың атына жазған өтініші, 1913-1914 жылы Санкт-Петербургтің императорлық университетіне кіру үшін берілген студенттік билеті, Ташкенттегі ерлер гимназиясын бітіргені туралы аттестат, тағы басқа құжаттары бар. Сонымен қатар мұражайда ең қымбат әрі құнды жәдігері – Мұстафа Шоқай ұзақ жылдар бойы мақалаларын басып шығарған «Remington Portable» портативті жазу машинкасы

тәрде тұр. 1920 жылдардағы винтажды машинка әдемі ағаш корпуспен әсемделген. Дәл осындай машинканы, негізінен, журналистер мен жазушылар пайдаланған.

«Қайраткердің бұл мұрасын музейімізге саясаттану ғылымдарының докторы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, дипломат, журналист Бақыт Садықова сыйға тартты. Жазу машинасын Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Бақыт Садықова 26 жыл бойы көзінің қарашығындай сақтап, ешкімге бермеген. Оған Мұстафа үшін жеке музей ашылады деген сенім себеп болған. Жазу машинасы мен Шоқайдың табыстау Алматы қаласында өтті. Ол жерде маған журналист, режиссер, продюсер Гүлбаршын Зайырова көмектесіп, қолдау білдірді. Бірі білсе, бірі білмес, Гүлбаршын Ғабитқызы – Мұстафа Шоқайдың ұрпағы. Ол бүгінде атасының есімін жаңғырту үшін тынымсыз еңбек етіп, бізге де өз тарапынан көмектесуде. Сол кездесулерде Бақыт Исанқызы

Мұстафаны зерттеу жолындағы тарихи мен өзінің бастан кешкен оқиғаларын баяндап берді. Шыны керек, бұл тақырыпты қызыға зерттеп жүрген мен үшін бұл ешкім естімеген құнды ақпараттар еді. Бұл туралы өз сөзінде Бақыт Садықова былай деп еске алады: «...Бұл жазу машинкасын маған 1996 жылы Әлім Алматы (Ғалымжан Төрөмұрат) деген түрік мырзасы сыйға тартты». Кезінде бұл жазу құралын оған Мұстафа Шоқайдың жары Мария Яковлевна ханым берген екен. Ал Әлім Алматы Шоқай әулетімен таныс болып, соғыстан кейін екі жылдай Францияда Мария Яковлевнаның жанында тұрады. Париж консерваториясында білім алған Әлім Алматы кейін Мария

Яковлевнаның қолдауымен түрік азаматтығын алып, Ыстанбұлға орналасып, сонда отбасын құрады. Анасындай жылылық көрсеткен Мария Яковлевнамен байланысын үзбей, отбасымен араласып тұрады. Мұстафаның ұлы мұрасын Мария Алматыға ұсынған кезде: «...Сен әлі жарқын күндердің куәсі боласын, мен оған сенемін. Саған айтарым, елі үшін, біртұтас Түркістан үшін жанын берген Мұстафа туралы туған жеріне айтып, жеткіз» деп аманат тілегін айтқан екен. Осы аманат тілегін, сонымен қатар, Мұстафаға тиесілі құнды деректерді Бақыт Садықоваға жеткізген Әлім Алматының мұраларына біздің де қолымыз жетті. Сонымен қатар әлі күнге дейін еш жерде жарияланбаған суреттердің мол қорын Бақыт Садықова бізге табыстады. Тағы бір ауыз толтырып айтарлықтай экспонат – Мария Шоқайдың концерт бағдарламасы. Оның шетел сахналарында талай рет өн шырқаған опера өншісі екені бізге белгілі. Ал бұл 1926 жылы Париж сахнасында концертмейстер Теодор Якименкоммен қойылған концерт бағдарламасы – осының дәлелі. Жеке отбасы мұрағатындағы заттар мен құжаттар – Мұстафа Шоқай мұражайының ең құнды жәдігерлері» деді музей меңгерушісі.

Тарихтың қай кезінде болсын, өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген тұлғаның бірі – Мұстафа Шоқай. Әлемнің қай шетінде жүрсе де, өз ұлтының мүддесін ойлап, туған жерге деген сағынышпен өлең, жырмен жеткізген тұлға. Қазір М.Шоқайды танып-білгісі келетін жастар көп. Сондықтан №51 мектеп-гимназиясы Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын зерттегісі келетін жас ғалымдардың басын біріктіріп, зерттеу тобын құрыпты. Оқушылар Мұстафа мұрасын зерттеп қана қоймай, оны ғылыми негізде де насихаттайды. М.Шоқайдай тұлғаның әрбір жәдігері мен тарихын танып, оны зерттеу – оқушылар үшін үлкен мақтаныш.

Алмагүл БЕРДІМҰРАТ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
4-курс студенті

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТАЛАПҚА СӘЙКЕС БОЛСЫН

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысанының бірі немесе олардың жиынтығы.

Басқаша айтқанда, бұл мемлекеттің мемлекеттік органдар тұлғасындағы мен жеке, заңды тұлғалар өзара іс-қимылы мемлекеттік функциялар мен құзыреттер шеңберіндегі соңғылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізілімі Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен, атап айтқанда, «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді алу жөніндегі қажетті құжаттардың тізбесі, көрсету мерзімдері және басқалары ресми интернет-ресурста <https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtu-na-transporte/activities/12385?lang=kk> және қызметке онлайн тапсырыс беру <https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtu-na-transporte/activities/services?lang=kk> мүмкіндігімен орналастырылған.

Бас тартуға мыналар негіз болатынын ерекше атап өтеміз: көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру – 68 қызмет (2022 жылы – 82 қызмет);

Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі

Әпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру – 68 қызмет (2022 жылы – 82 қызмет);

Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі

Айгүл КАСПАНОВА,
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Жекеменшік мектеп «Tamos Space School» (Тамос Спейс Скул) ЖШС, БСН 190740007435 жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4140000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58, сайт: www.fincenter.kz

Насипова Куралай Бейсенгазыевна (02.08.1979 ж. т., жеке куәлік №045509984, ҚР ІІМ 19.02.2019 ж.) атына берілген «Күміс алқа» орден кітапшасының №391320 жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



ТЕҢІЗ ТЕРБЕЛТКЕН АҚ МАРЖАН

Толассыз толқындардың тебіренісі мен теңіз бетіне бір сәтке ғана қалқып шығып, оның қойнауына қайта оралған Малика ақ маржан тәрізді еді. Әлемді өзінің таусылмастай қайратымен таңдандырып, өнерімен мойындатқан биші қыз жақында дүние салды. Еліміздің мақтанышына айналған Маликаның арбада отырып билеу өнері мен әлем чемпионына айналып, сан додада талай бәйге алғаны баршаға белгілі. Параспортшы қыздың әншілік, бишілік өнерін жұрт біледі. Осындай жауқазындай нәзік, жасындай жалынды қыздың ажалы талайлардың қабырғасын қайыстырды. Себебі Малика Мұхтарова секілді теңіз тұңғиығында да сирек кездесетін ақ маржандар ғасырда бір рет туады десек, асылық болмас.



сомдап еді. БҰҰ-ның өкілі, елшілер қауымы Маликаның өнеріне қайран қалған. Денсаулығына шектеу қоймай қандай ғажайып рекордтар жасады. Малика – әлем чемпионы, актриса. Өжет, қайсар қаршадай қызды алғаш көргенде «Мәңгілік бала бейнедегі» менің Лэйлэм тура сен сияқты қайсар» деп едім. Маликажан ұяла жымыған еді-ау... Өзі сомдаған Лэйлэсін сахнада көкке ұшырып еді, бұл жолы аспан әлеміне, мәңгілік ғаламына өзі ұшып кетіпті. Аз ғұмырында жұлдыздай жарқ етіп, самғап өте шықты» дейді жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова. Өмірдің тылсым тұсы тым көп. Болашақта сені не тосып тұрғанын білу мүмкін емес. Егер Малика ортамызда болғанда біз оны кино

Малика Мұхтарова «Қанаттылар» инклюзивті театрының бетке ұстар актрисасы болатын. Ол аталмыш театрдың ашылған сәтінен, 2021 жылдан бастап екі жыл көлемінде қызмет атқарды. Осылайша ол шымылдығы түрілген ерекше өнер ордасымен бірге дамып, жаңа қырын аша бастады. Көрермен көзкегіне құлашын енді ғана жайып жатқан «Қанаттылар» театрының ұжымы мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған болатын. Бұл мекеме қазіргі таңда елорда төрінде «Жастар» театрының құрамында жұмыс істеп, Малика сынды талай дарынның жұлдызын жандырып отыр. Осылайша әлем чемпионның бала кезгі арманының бірі орындалды.

Малика «Қанаттылар» театрының бірнеше қойылы-

мында басты рөлді сомдады. Белгілі жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасы желісімен қойылған «Қызжылаған» спектаклінде, танымал ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Гүлнәр Салықбайдың «Қанаттылар» қойылымында бас кейіпкер болып өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Осы екі қойылымда да мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір жолы, тарамыс тағдыры мен күресі баяндалады. Әріптестері әсіресе оны «Қызжылаған» қойылымындағы кейіпкері арқылы тебірене еске алады. Бұл спектакльде арбада отырған жанның махаббаты он екі мүшесі сау адамнан ерекше

болатыны, сонымен қатар, Семей полигонының кесірінен зардап шеккен адамның азабы көркем кестеленген.

Осы спектакльге дайындық барысында Маликамен тікелей жұмыс істеген Бекзат Шахзада ол тума талант иесі болғанын, кез келген кейіпкерді кемеліне келтіре сомдайтынын айтқан еді. Бекзаттың айтуынша, Малика шексіз сабыр иесі, үнемі жүзінен күлкі арылмайтын кішіпейіл, жетістіктеріне қарамастан, өте қарапайым жан болған екен. Малика ешқашан кешікпейтін, биге де, спортқа да, театрдағы жұмысқа да үлгеретін.

«Былтыр ғана талантты театр режиссері Абзалбек Максим Астана көрермендеріне «Қанаттылар» инклюзивті театрының ерекше спектаклін тарту еткен. Лэйләннің образын Малика

әлемінде де көруіміз әбден мүмкін еді. Себебі америкалық «Push girls» фильмінің қазақи менталитетіндегі балама нұсқасына сценарий жазылып, Малика осы фильмде басты рөлдердің бірін сомдауы керек еді. Тіпті аталмыш жоба «Хабар» агенттігі тарапынан қолдау да тапқан екен. Өкінішке қарай, Маликаның бұл арманы орындалмады.

Ақ маржандай нәзік жанды биші, әнші, актриса, өмірлік жігері жасындай жалынды, көктем гүліндей көркем актриса Малика Мұхтарованың бейнесі елдің есінде мәңгілік сақталады.

Төлеген ӘБДІРАСЫЛОВ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

ЮРАНАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ КӨРМЕСІ

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау мақсатында «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің «Алаш» залында Юранай Абуованың суреттері қойылған «Мейірім шуағы» көрмесі ұйымдастырылды.

Бұл – Юранайдың алғашқы көрмесі. Көрмеде 20-ға жуық туындысы, соның ішінде портреттер, пейзаждар, натюрморт және «АЛЖИР» тақырыбына арналған жұмыстары ұсынылды. Екі жылдан бері елордалық «Индиго» көркемсурет мектебінде оқитын 14 жасар жас дарын бояулармен сурет салады. Оның сурет салуға деген қызығушылығы 9 жасында оянған. Осы уақытқа дейін балалар арасында өткен суретшілер байқауларында топ жарды. Өн салғанды да жақсы көреді. Халық композиторы Естай Беркімбайұлының «Юран-ай» атты әні бар. Жас суретші есімі соның әсерімен қойылған.

Көрмеге оның жақындары, әкесі мен бауырлары келді. Юранай өзінің шығармашылығы туралы әңгімелеп, сурет салудан ерекше ләззат алатынын айтты. Шығармашылығын дамытудағы белсенді қызметі үшін Юранайға «Аманат»-«АЛЖИР» қоғамдық қорынан сыйлық табыс етілді.

Жансая АБИРБЕКОВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті



ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында бас қаланың Қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі Қуат Ежембек осы өнер ошағының тынысы және алдағы жоспарымен таныстырды.

Оның айтуынша, осыдан 6-7 жыл бұрын қазақ тілінде өтетін қойылымдарға көрермендер тым аз келетін. Қазір бұл мәселе оң шешімін тапты. Бүгінгі көрерменнің, ата-ананың көзқарасы өзгеріп келеді.

Елорданың қуыршақ театры ашылған күннен бастап әлемдік театрлармен тығыз байланыс орнатты. Тек халықаралық қуыршақ театры фестивалдеріне қатысып қана қоймай, 2015 жылы Құралай Ешмұратова атындағы I халықаралық «Құралай» қуыршақ театры фестивалін өткізді. Перу, Эстония, Болгария, Сербия, Румыния, Ресей, Татарстан, Түркия, Тәжікстан, Италия, Тунис, Бельгия, Босния және Герцеговина, т. б. мемлекеттердің өнер ұжымдары қатысқан аталмыш фестиваль аясында «Eurasia Puppet» – қуыршақ театры ассоциациясын құру туралы меморандумға қол қойылды. Бұл меморандум театрлар арасындағы байланысты, достықты нығайта түсті.

Жалпы қазір Қуыршақ театры репертуарында халық ертегілерінің ізімен сахналанған «Қанбақ шал», «Ер Төстік», «Алдар көсе», Г.Х.Андерсеннің «Су перісі», «Түйме қыз», С.Жүнісовтің «Атамекен», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», А.Салаеваның «Менің салған суретім», «Байқа жолда, балақай!» сынды отыздан аса спектакль бар.

Еркеназ ЗЕЙКЕН,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

ЖЕТІ САЯБАҚ – ЖЕТІ ҒАЛАМ

Астана қаласы Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен жазғы демалыс уақытында «Жеті саябақ – жеті ғалам» жобасы басталды. Соның аясында осы маусым айында қала саябақтарында әр сенбі-жексенбі күндері көңіл сергітетін танымдық шаралар өтеді.

Орталық саябақта «Гармония және энергия» алаңы ашылды. Онда йогадан, медитациядан, релаксациядан шеберлік сабағы ұйымдастырылады. «Отан қорғаушылар» мемориалы аумағындағы саябақта әр демалыс сайын «Жігіт сұлтаны» сайысы өтеді. Бейбітшілік және келісім сарайы артындағы саябақта өтетін «Жастар рухы» жобасы жастарды қызықты бағдарламаларға, шеберлік сабақтарға, спорт жарыстарына шақырады. «Жерұйық» саябағында «Ана

мен бала» жобасы аясында ана мен баланы дамытатын шаралар өтеді. «Жетісу» саябағында «Өнерлі тұлға» тақырыбымен демалушылардың қабілетін ашатын шығармашылық байқаулар ұйымдастырылады. «Ғашықтар» саябағы аумағында «Романтика» алаңы құрылып, түрлі қызықты шаралар өтеді. Ал «Көкжал» саябағында «Бақытты отбасы» тақырыбымен отбасы сайыстары шақырады. Әр шара сағат 10.00-де басталып, 21.00-де аяқталады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫП

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының
компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тел. №67

Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-tekla@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ